

Үкімет басшысы О.Бектенов:

НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕР БОЙЫНША ОҢ ДИНАМИКА БАР

Сарқылмасын Сыр - Ана!



Үкімет басшысы Олжас Бектеновтің төрағалығымен өткен осы аптадағы Үкімет отырысында биылғы жылдың 6 айындағы әлеуметтік-экономикалық даму және республикалық бюджеттің атқарылу нәтижелері қаралды.

2025 жылдың қаңтар-маусым айларында еліміздің Жалпы ішкі өнім көрсеткіші 6,2%-ға жетті. Өсу қарқынының артуы құрылыс, сауда, өнеркәсіп және байланыс салаларында тіркелген.

- «Мемлекет басшысының экономикалық өсімді қамтамасыз ету жөніндегі тапсырмаларын орындау аясында Үкімет тарапынан жүйелі шаралар қабылданып, іске асырылып жатыр. Негізгі көрсеткіштер бойынша оң динамика бар. Инвестицияларды белсенді түрде тарту түрлі салаларда аса маңызды бірқатар инфрақұрылымдық жобаларды бастауға ықпал етті. Мемлекет басшысы өңіріміздегі тұңғыш суперкомпьютер кластерін іске қосты. Оны қолдану кең ауқымды цифрландыру мен ашықтықты арттырып, көптеген экономикалық мәселелерді жедел шешуге мүмкіндік береді», – деп Үкімет басшысы Олжас Бектенов атап өтті.

БЕСЕУДІҢ БРИФИНГІ – ҮКІМЕТТІҢ АШЫҚТЫҚҚА ҚАДАМ ЖАСАҒАНЫ

Үкімет биылғы жылдың 6 айын қорытындылады. Үкімет басшысы О.Бектенов айтқандай “Негізгі көрсеткіштер бойынша оң динамика бар”.

6 айдың қорытындысын айшықтап, бірқатар Министрлер, әкімдер баяндама жасаған. Үкімет отырысынан соң Үкімет басшысы О.Бектенов өз орынбасарларымен бірге баспасөз конференциясына қатысып, журналистер сұрақтарына жауап берді. Алты ай қорытындысы бойынша Үкіметке абырой болған негізгі көрсеткіштерді баяндаудан бөлек қоғамдағы қордаланған, әралуан пікірлер тудырған күрделі мәселелер бойынша қойылған журналистердің өткір сұрақтарына жауап берді.

инфрақұрылымды жедел, алда жүретін қарқынмен дамытқанда ғана мүмкін болады. Себебі кез-келген бизнестің дамуы үшін инфрақұрылым қажет. Ал инфрақұрылымды дамыту үшін даму бюджеті қажет.

Өкінішке қарай, қазіргі уақытта біздегі даму бюджетінің деңгейі сын көтермейді. Ол мемлекетке экономиканың даму қарқынына ілесіп, инфрақұрылымды жылдам дамытуға толық мүмкіндік бермейді. Сол себепті 2026

Цифрлық теңге бюджет қаражатын бақылайды?

- Жақын арада бюджет пен Ұлттық қор есебінен қаржыландырылатын кемінде 100 ірі жобаны анықтап, оларды «цифрлық теңге» жобасына енгізу қажет, сол кезде біз әрбір теңгенің қайда кеткенін ашық көретін боламыз. Менің жеке өзім бюджет қаражатын игеру процесін цифрландыруға үлкен үмітім бар. Бұл бізге ақшаны тиімді жұмсауға мүмкіндік береді».

Бізде Ұлттық қор есебінен көптеген жобалар жүзеге асырылуда. Мысалы, биыл «Бақты – Аягөз» теміржол желісінің құрылысын бастауды жоспарлап отырмыз. Осы жобаны «цифрлық теңге» арқылы қаржыландыруға қосуды ойлап отымыз. Содан кейін «Орталық-Батыс» автомобиль жолын саламыз, бұл жобаны да қосамыз. Осындай маңызды жобалардан бастау керек, өйткені ол жерлерде қыруар қаражат игеріліп жатыр. Сол себеп біз олардың ашық және тек мақсатты түрде жұмсалыуына мүдделіміз.

Бектенов «Жақсыбековтың күйеу баласы деген рас па?

- Енді бұл толығымен шындыққа сай келмейтін ақпарат. Бұрынғы және қазіргі бірле-бір шенеунікпен туыстық қарым-қатынасым жоқ. Кімнің күйеу баласы десеніз, өзіміздің қарапайым азаматтардың, қарапайым жұмысшылардың күйеу баласымын. Фамилиясын айта алмаймын. Бұл – жеке мәлімет. Оны жариялағым келмейді.

Көпбалалылардың бәрі бірдей ме?

- Республикалық бюджеттің 50%-дан астамы жыл сайын әлеуметтік саланы қаржыландыруға бағытталады. Қаражат зейнетақыға, бюджет қызметкерлерінің жалақысына, көп балалы отбасыларға, аз қамтылған азаматтарға, мүгедектігі бар адамдарға арналған жәрдемақыларға, сондай-ақ мектеп, аурухана салуға және инфрақұрылымды дамытуға жұмсалады. Бұл бағытта Үкімет кешенді, жүйелі жұмыс жүргізуде.

Бүгінде көпбалалы отбасылардың барлығы ай сайынғы табысына қарамастан мемлекеттен бірдей жәрдемақы алады.

Бірақ көпбалалы отбасылар да әртүрлі болады ғой. Мысалы, кейбір көпбалалы отбасылар үлкен бизнес ұстайды, жоғары табысы, үйі, бірнеше көлігі бар. Ал кейбір көпбалалы отбасылар шынымен де қиын өмірлік жағдайға тап болып, қарапайым заттарды да ала алмай жатады. Енді, ауқатты көпбалалы отбасы мен көмекке мұқтаж көпбалалы отбасының мемлекеттен бірдей жәрдемақы алғаны дұрыс па? Меніңше, әділ емес.

Біз қазір еліміздің барлық халқын алты санатқа бөлген жолмен жүріп жатырмыз. Отбасының цифрлық картасы жұмыс істейді, деректер цифрланған, барлығы әл-ауқат деңгейі бойынша бөлінеді. Алтыншы санат – табыс деңгейі жеткілікті жоғары отбасылар мен адамдар. Алтыншы санатты біз әлеуметтік көмек алушылар қатарынан алып тастаймыз, өзін қамтамасыз ете алмайтындарға, жұмыс істей алмайтындарға көбірек көңіл бөлеміз. Мысалы, балалармен айналысатындықтан көп балалы аналар, денсаулығына байланысты мүмкіндігі шектеулі азаматтар жұмыс істей алмайды. Біз оларға көп көңіл бөлетін боламыз..

“Әлеуметтік көмек тек өз-өзін асырай алмайтын адамдарға көрсетілуі керек. Болды. Ал адам жұмыс істей алса, жұмыс істеуі керек. Біз нарықтық экономикада өмір сүріп жатырмыз. Осыны халыққа ашық айтуымыз қажет.

Өкінішке орай, бізде әлеуметтік тәуелділік пен әлеуметтік алаяқтық фактілері бар. Біз қазір әр істі жеке-жеке шешіп, барлық басқа схемалардың жолын кесеміз. Әлеуметтік көмек өзін қамтамасыз ете алмайтын адамдарға көрсетілуі тиіс.

Газ базасы тұрақтап қалады ма?

Газ саласын одан әрі дамыту теңдестірілген және экономикалық негізделген тарифтік саясатты қалыптастырып алмай мүмкін емес.

Біздің ішкі нарықтағы газ бағасы әлемдік нарықтан әлдеқайда арзан, сондықтан біз бірқалыпты, бұрмаланбаған жағдай туғызу мақсатында бағаны біртіндеп көтерілуін қадағалайтын боламыз. Сонда газ саласы инвестициялық тартымды болып, дамитын болады.

Девальвация болмай ма?

Базалық сценарий бойынша мұнайдың бір баррелі 60 доллар тұрса, доллардың бағамы 540 теңге болады. Пессимистік сценарий де бар. Мұнайдың бағасы 50 долларға дейін төмендесе, басқа механизмдер іске қосылады. Дегенмен базалық сценарий сақталады деп ойлаймыз.

Девальвацияны күтіп отырған жоқпыз. Теңге бағамы күрт әлсіремейді.



Қазақстандықтардың жеке деректерінің тарағанына кім кінәлі?

Қазір бұл дерек бойынша қылмыстық іс қозғалды, тиісті органдар тергеу жүргізіп жатыр. Бүгінгі қолда бар ақпаратқа сүйенсек, деректер 2022 жылға тиесілі. Бұл — өте өкінішті жағдай. Мұндай фактілердің болуы Үкіметке де абырой әкелмейді. Бірақ тексеруші органдардың алдын-ала тұжырымдары бойынша деректер медициналық ұйымдардан тараған болуы мүмкін. Өйткені олар мемлекеттік дерекқорларға қолжеткізе алады. Бірақ оларды ұрлықтан сақтай алмайды. Тиісті жауапкершілік бар.

Үш үлкен жобаны көтере аламыз ба?

- Өскемен, Семей, Көкшетау қалаларында салынуға тиіс үш жылу-электр орталығы құрылысы бойынша бастапқыда ресейлік серіктестермен бірге іске асыру мүмкіндігі қарастырылды. Өзірге біз Ресей Федерациясынан көпілдендірілген, арзандатылған қаржыландыру ұсыныстары туралы нақты ақпарат алған жоқпыз. Сондықтан біз Көкшетауды өз күшімізбен сала бастадық. «Самұрық-Энерго» да айналысып жатыр. Семей мен Өскеменді айтсақ, Ресей тарабынан жауап күтіп отырмыз. Егер жауап жақын арада болмаса, жобаны өз бетімізбен іске асырудың нұсқаларын да қарастырамыз. Біз күте алмаймыз.

Қайырымдылық қорларына талантар өзгереді ме?

- Иә, қайырымдылыққа жиналған ақшаны жымқырды деп айыпталған Перизат Қайрат ісінен хабарым бар. Өкінішке қарай, өмір көрсетіп отырғандай, тек бюджет қаражаты ғана емес, азаматтардан қайырымдылық ретінде жиналған қаражат та мақсатсыз жұмсалып жатыр. Бұл кейіс - соның айқын мысалы. Бұл - жалғыз оқиға емес, басқа да мысалдар бар. Бірақ, бұл істі ең резонансты деуге болады. Қаражаттың жұмсалыуы туралы есеп бақылауда әрі ашық болуы керек. Сондықтан бұл жерде, меніңше, Үкімет тарапынан да, құқық қорғау органдарының негізінде де, ұрлықтың нақты қалай жүзеге асқанын анықтау керек. Бұл - тиісті заңнамалық түзетулерді қабылдауға мүмкіндік. Болашақта осы секілді құқық бұзушылықтардың алдын алуға бағытталады.

Қосылған құн салығын 16%-ға дейін көтерудің әсері қандай болады?

- Кез келген салықты өсіру ауыр тиеді. Бірақ бұл мәжбүрлі қадам. Осы салық реформасының арқылы біз даму бюджетін едәуір арттыруды жоспарлап отырмыз. Бұған дейін экономикалық өсім туралы айтылған еді. Экономикалық өсім тек мемлекет

жылдан бастап Салық кодексін қабылдау арқылы қосымша бюджет кірісін және даму бюджетін шамамен 8 пайызға ұлғайтуды көздеп отырмыз, сөйтіп оны 18%-ға дейін жеткіземіз. Бұл бізге тұрақты экономикалық өсімді қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Баспана бағасы өзгереді ме?

- 2026 жылдан бастап құрылыс компаниялары үшін салықтық жеңілдіктер алынып тасталады. Оған қоса, 16 проценттік қосылған құн салығы енгізіледі. Осыған байланысты баспана бағасы күрт көтеріледі деген болжам бар.

Бүгінде құрылыс компанияларына салықтық жеңілдіктер берілсе де, баспана бағасының өсуі баяулайтын емес. Себебі барлығы «тым жоғары табыс» табуға тырысып жатады.

Біздіңше, келесі жылы Салық кодексі нормаларының енгізілуіне байланысты баспана бағасы күрт өспейді. Ал алыпсатарлық немесе өзара келісіп бағаны көтеру әрекеттеріне жол бермейміз. Оған қажетті заңды шаралар бар.

Бизнес салығы әділ ме?

- Бизнес салық жүктемесін азайту үшін заңды түрде рұқсат етілген сөмектер қолданылуда. Біздің мақсатымыз – бизнесті әділ салық төлеуге үйрету. Келер жылдан бастап күшіне енетін жаңа Салық кодексі де осыған бағытталған. Біз жеңілдетілген салық режимдерін қысқартып жатырмыз: шекті мөлшерді төмендеттік және кейбір қызмет түрлерін бұл режимдерден алып тастаймыз. Мысалы, бөлшек сауда салығына жатпайтын қызмет түрлері бар. Қазіргі таңда құрылыс-монтаж жұмыстары бөлшек сауда салығына енгізілген, бірақ бұл екі компания арасындағы мәміле болғандықтан, бөлшек сауда түсінігіне сай келмейді. Бұл егжей-тегжейлі үйлестіруді қажет етеді. Біз осы бағыттағы жұмысты жалғастырамыз.

Тарифтердің өсуі тоқтайды ма?

- Тарифтердің өсуі жалғасады. Бұл күрделі мәселе. Бірақ Үкімет бұл туралы ашық айтып отыр және тарифтерді нарықтық деңгейге келтіру саясатын жүргізуде. Тарифтердің ұзақ уақыт бойы қатаң реттелуі және ТКШ-ға инвестиция салуға мүлде мүмкіндік болмағаны 2022 және 2023 жылдары Екібастұздағы, Риддердегі аппаратқа әкелді. Егер біз қыста үйімізде тұрақты түрде жылу, жарық, су болып, инженерлік желілер дұрыс жұмыс істесін десек, тарифтердің өсу жолымен жүруге тура келеді. Нәтижесінде тарифтердің өсу қарқыны 35%-дан 20%-ға дейін төмендейді. Егер биыл өсім тіркелсе, жыл соңына дейін қайтадан қымбаттау болмайды.

ПРОФИЛАКТИКАЛЫҚ ЖҰМЫСТАР ЖАЛҒАСЫН ТАБУДА

Мемлекеттік қызметшілер өз қызметінде мемлекеттік саясатты ұстануға және оны дәйекті түрде іс жүзіне асыруға, қоғамның мемлекеттік қызметке, мемлекет пен оның институттарына деген сенімін сақтауға және нығайтуға ұмтылуы тиіс.

Мемлекеттік қызметшілер өз міндеттерін тиісті деңгейде орындау мақсатында олардың тарапынан Әдеп кодексін бұзушылықтардың алдын алу және болдырмау бағытында түсіндірме жұмыстарын жүргізу қажет.

Осы бағытта департамент тарапынан Мемлекеттік қызмет туралы заңнаманы, қызметтік әдепті бұзу фактілерін болдырмау және әдепсіз мінез-құлық жағдайларының алдын алу мақсатында2025 жылдың қаңтар-мамыр айларында 74 түсіндіру шаралары жүргізілді.

Оның ішінде мемлекеттік органдарға бару арқылы 34 шара өткізіліп, мемлекеттік қызметшілерге «Мемлекеттік қызметшілерімен заңнамада көзделген шектеулерді, мемлекеттік қызметшілерінің Әдеп кодексінің талаптарын сақтау» тақырыбында семинарлар өткізілді.

Осы жылдың сәуір-мамыр айларында Қызылорда облысының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті, Қызылорда қалалық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы, Қызылорда облысы бойынша Қазынашылық департаменті және ҚР Денсаулық сақтау министрлігі медициналық және фармацевтикалық бақылау комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаменті, ҚР сот әкімшілігінің Қызылорда облысы бойынша департаменті, Қызылорда облысының әділет департаменті, ҚР Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің Қызылорда облысы бойынша департаменті қызметкерлерінің қатысуымен сол ұжымдарда семинарлар ұйымдастырылды.

ТАБИҒАТҚА ЖАНАШЫР БОЛУ - БАРШАМЫЗДЫҢ МІНДЕТІМІЗ

Сонғыжылдарыеліміздесирекболса да «браконьерлік» заңсыз аң-құс ату фактілері көрініс беруде. Соның ішінде киелі киік жануары. Ол құнарлы шөпті жейді. Киіктің қасиеттілігі соншалық, тұяғымен жердің шаң-тозаңын шығарып, топырақтың құнарлығын арт-тырып отырады. Өсімдіктердің қайта қаулап шығуына зор ықпал етеді. Сайын даланың еркесі, желден жүйрік жануар, күніне 200 шақырым жер жүріп, жайылым ауыстырып отырады. Қазақта «Көшпелі елді отыр деме, ақбөкенді жатыр деме»-деген сөз осыдан қалса керек. Міне, осындай қызыл кітапқа енген киелі жануарды атып, оны бас пайдасына жаратып, тіпті бизнеске айналдырып жүргендер бар. Бүгін киіктің етімен қатар, мүйізіне де сұраныс артуда. Осындай қыруар пайданы көксеген браконьерлер дәрі-дәрмек жасау үшін киік мүйіздерін көрші

Қытай еліне асыруда. Ал Қытай елінде мүйізі одан да жоғары сұранысқа ие.

Сонымен қатар, қазір елімізде жеке-леген адамдар қызыл мияға қырғидай тиюде. Оның себебі де жоқ емес. Сырдың бойында өсетін өсімдіктердің ішінде дәрілік қасиеті мол өсімдіктердің бірі-қызыл мия. Оның тамырынан дәрі жасайды. Қызыл мия да қызыл кітапқа еніп, мемлекет қорғауына алынды. Қазір бұл қызыл мия өсімдігін қорғауда Әкімшілік тарапынан, Ішкі істер органдарынан, табиғат қорғау салаларынан, басқа да мүдделі органдар мен мекемелердің тарапынан жасалып жатқан іс-шаралар көп. Дегенмен, бұл аз. Себебі, халық болып қорғасақ, құба-құл болар еді.

Осындай сыр жерінің байлығының бірі-сексеуіл ағашы. Сексеуіл ағашын отын ретінде қолдана бастады. Көмір тапшы, бар болса да шығыны

көп. Соның салдарынан тросстар байлап, трактормен сексеуілді түп-тамырымен қоса жұлып, қоршаған ортаға айтарлықтай зиянын тигізді. Дегенмен, қазір жағдай басқаша, көмір бар, бағасы да қолжетімді, тамызыққа жыңғылға рұқсат етілген. Бұрын-соңды отандық ағашты рұқсатсыз алған тұлғалар әкімшілік айыппұлмен шектелетін болса, қазіргі заң бойынша ол қылмыстық жауапкершілікте болады. Осыдан шығатын нәтиже, туған табиғатымыздың байлықтарын қалай болса солай пайдаланбай, оны тек арнайы рұқсатпен ғана пайдаланып, қалған байлықты келесі ұрпаққа аманат етіп қалдыру біздің басты парызымыз.

«Сырдария орман және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемесі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

АЛИМЕНТ ТӨЛЕУДЕН ЖАЛТАРҒАНЫ ҮШІН СОТ ЗАЛЫНДА ӘКІМШІЛІК ҚАМАҚҚА АЛЫНДЫ

Сырдария аудандық сотында Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексінің 669-бабының 1-бөлігімен А.-ға қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қаралды.

Іс бойынша А. көмелетке толмаған балаларын асырап бағу үшін өндіріп алушы А.-ның пайдасына алимент өндіру туралы сот бұйрығын орындаудан жалтарып, 1 082 413теңге көлемінде алимент бойынша берешегі жинақталған.

Сот отырысында А. сот бұйрығы шығарылғанын білетінін, жұмысы болмауына байланысты алимент бойынша міндеттемелерін орындай

БӨТЕННІҢ МҮЛКІН АЛДАУ ЖОЛЫМЕН ЖЫМҚЫРҒАН

Қызылорда қаласының №2 сотында ҚК-нің 190-бабы 1-бөлігінде көзделген қылмыстық құқық бұзушылықты жасаған азамат С.-ға қатысты қылмыстық іс қаралды.

2023 жылы қазан айында сотталушы С. Қызылорда қаласында туыстарының үйінде болған отырыс барысында өзінің тұтысқан төтесі жәбірленуші Т.-ның өзге қаладан пәтер алғысы келетінін біліп, оған Алматы қаласынан пәтер алып бере алатыны жөнінде жалған ақпарат берген. Алаяқтық ниетпен пәтердің бастапқы жарнасы және құжат рәсімдеуге қажет деп, жәбірленушіден 560 000 теңге көлемінде ақша қаражатын өз есепшотына аудартқан.

Кейін қосымша 50 000 теңге сұрап, жәбірленушіден жалпы сомасы 610 000 теңгені алдау арқылы иемденіп, бөтеннің мүлкін алдау жолымен жымқырып, алаяқтық қылмыс жасаған.

Сотталушының кінәсі өзінің мойындаған жауабымен қатар, жәбірленушінің айғақтарымен, іс бойынша заттай дәлелдемелер деп танылған есеп-шотқа ақша қаражатының аударым жасаған құжаттарымен және процестік әрекеттердің хаттамаларымен, жинақталған іс құжаттарымен дәлелденген.

Сотта жәбірленуші 450 000 теңгесін қайтарғанын, қалған 160 000 теңгесін

қайтаруға уәде бергенін көрсетті.

Сот үкімімен сотталушы С. ҚК-нің 190-бабының 1-бөлігімен кінәлі деп танылып, 1 жыл бас бостандығын шектеу жазасы тағайындалған, ҚК-нің 58-бабының талабымен 05.03.2025 жылғы сот үкімімен тағайындалған жазасына онша қатаң емес жазаны неғұрлым қатаң жазаға сіңіру арқылы түпкілікті 3 жылға бас бостандығын шектеу жазасы тағайындалған.

Азаматтық талапкердің пайдасына 160 000 теңге мүліктік залал өндірілді.

Қызылорда қаласының №2 соты

ЖҰБАЙЫНА ҚОЛ КӨТЕРГЕНІ ҮШІН ҚЫЛМЫСТЫҚ ЖАУАПТЫЛЫҚҚА ТАРТЫЛДЫ

Сырдария аудандық сотында Қазақстан Республикасының ҚК-нің 109-1-бабының 1-бөлігімен азамат Д.-ға қатысты қылмыстық теріс қылықты жасағаны үшін іс қаралды.

Азамат Д. зайыбын ұрып, тән ауруына ұшыратқан, денсаулыққа жеңіл зиян келтіруге әкеп соқпаған ұрып-соғу әрекеттерін жасаған.

Сотталушының кінәсі оқиға орнын қарап-тексеру хатта-масымен, сот-медициналық сараптаманың қорытындысымен және істің басқа да құжаттарымен дәлелденді.

Сотталушы Д. өзінің кінәсін мойындап, шын жүректен өкінетіндігін айтты.

Сот үкімімен сотталушы Д.-ға Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 109-1-бабы 1-бөлігімен кінәлі деп танылып, оған 40 сағатқа қоғамдық жұмыстарға тарту жазасы тағайындалған.

Сырдария аудандық соты

БРУЦЕЛЛЕЗ - АСА ҚАУІПТІ АУРУ

Бруцеллез - малда, адамда созыл-малы түрде өтетін жұқпалы ауру.

Аурудың ең басты белгілерінің бірі- ол ауырған малдың іш тастауы және шуының түспеуі.Бруцеллез ауруы сыыр, қой ешкі, түйе, шошқа малының арасында жиі кездеседі.

Адамдар үшін бұл аурудың қой, ешкі малының арасында болатын түрі өте қауіпті саналады. Жас төлдер бұл ауруға бастапқы кезде төзімділік байқатса да, өсе келе жыныстық күйі жетілген кезде шалдығатын болады. Ауырған малдың сырт белгілерінен оншалықты көрер көзге байқалмауы, соның салдарынан олар басқа малмен бірге жүріп аурудың қоздырғышын үнемі бөліп, айнала қоршаған ортаны ластайтындығы.Сол себепті ауырған мал шыққан жерлер бұл аурудың тұрақты залалды орны болып есептеледі. Бұл аурудың ең көп байқалатын уақыты малдың төлдеу кездері болып саналады.Іш тастаған мал 2 ай шамасындай уақыт жыныс жолдары арқылы аурудың қоздырғышын бөлетін болады.

Аурудың қоздырғышы жем, су, астау, айыр, күрек сияқты заттарға жұғуы себепті, ол заттар да бұл аурудың кең тарауына септігін тигізушілердің қатарына жатады. Тіпті ауру мал жайылған жерлердің өзі де бұл аурудың қоздырғышымен залалдануы себепті оны таратушы болып саналады. Сол сияқты, ауру малды бағып-күтуші адамдардың өздері де қолына, не киіміне аурудың қоздырғышы жұққандықтан ауру таратушылардың бірі болып есептеледі. Сондықтан да осы айтылған жайттар қатаң ескерілуі тиіс. Малдың организміне енген бруцеллездің қоздырғышы лимфа бездеріне жинақталып,одан әрі қан жүйесіне еніп, бүкіл денесіне тарайды. Олардың ең бір өсіп-өніп көбеюіне қолайлы жері малдың жатыры болып саналады.Соның салдарынан малдың жатыры түрлі өзгерістерге ұшырап,буаз малдың іш тастауына душар етеді және олар бұл аурумен созылмалы түрде ауыратын болады. Бруцеллез ауруы малда созылмалы және бүркемелі (латентті) түрде өтеді. Аурудың қоздырғышы жұққаннан 14-20

күн өткеннен кейін малдың қанында агглутинин пайда болады. Аурудың қоздырғышы жұққан буаз мал 5-8 айлығында іш тастайды, ал егер ол бойдақ малға жұққан болса, онда олар латентті (бүркемелі) түрде ауыратын болады.

Бруцеллез ауруынан сақтандыру, сауықтыру мақсатында мына төмендегі малдәрігерлік ,санитариялық шаралар іске асырылуы тиіс:

-шаруашылыққа әкелінетін малдың дені таза болуы, яғни олардың бруцеллез ауруына тексерілгендігі жөнінде малдәрігерлік құжаты (ветеринариялық анықтама);

-басқа жақтан әкелінетін мал бақылауға алынып, бруцеллезге қайталап тексеріліп, малдың сау екендігіне көз жеткізгеннен кейін басқа малдарға қосып бағуға рұқсат ету;

-малдың қыстақ және жаз жайлау орындарын қи-күбірден тазартып, залалсыздандыру;

-мал арасында аурудың шыққандығы белгілі болған жағдайда, сауықтырудың бағдарламасын жасап, тиісті жұмыстарын уақтылы жүргізу, ол жерден басқа жаққа мал жібермеу не әкелдірмеу, және бар малды қатаң есепке алу;

-ауырған малды сау малдан дереу бөліп алып, қолданыстағы ветеринариялық заңдылыққа сай арнайы мал сою орында санитариялық жағдайда сою.

Бруцеллездің алдын алу мақсатында сақтық шараларын сақтау қажет. Шикі сүт пен сүт қышқылды өнімдерді термиялық өңдеусіз тұтынбау керек, белгіленбеген орындарда сауда жасайтын адамдардан сүт пен ет сатып алмау керек.Мал базарларында жануарларды сатып алу кезінде жануардың денсаулығы туралы ветеринариялық анықтаманың болуына көз жеткізу қажет.

Қарапайым сақтық ережелерін, ветеринарлық алдын алу шараларын сақтай отырып, сіз өзіңізді және туыстарыңызды бруцеллезды жұқтырудан қорғай аласыз.

Жанақорған аудандық ветеринариялық станциясы

САЛЫҚ КОДЕКСІНІҢ ӨЗГЕРІСІ ҚАНДАЙ?

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының кодексіне (Салық кодексі) және оны қолданысқа енгізу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы заңға қол қойды.

Заң 2026 жылдың 1 қаңтарынан бастап күшіне енеді. Жаңа Салық кодексі бойынша:

Қазақстанда қосылған құн салығы (ҚҚС) көрсеткіші 16% болады; ҚҚС төлеу шегі - 40 млн теңгеден бастап (жылдық табыс); Дәрі-дәрмектер мен медициналық қызметтерге ҚҚС төмендетілген мөлшерлемелері енгізіледі.

Жаңа салық кодексіне енгізілген өзгерістер:

фермерлер – табысы 230 000 АЕК-тен жоғары болса (900 млн теңге) салық салынады. Мөлшерлемесі 4,5 пайызға тең;

Қазақстандық және халықаралық биржалар арасында теңгерімсіздік болмауы үшін KASE бағалы қағаздарынан түсетін табысқа жеке табыс салығы салынбайды; төлем карталары - карта бойынша жүргізілетін операциялар қосымша құн салығынан босатылады;

қымбат автокөліктерге (75 миллион теңгеден астам), яхталар мен ұшақтарға акциз салынады;

мүгедектігі бар адамдар – кемінде 10 мүгедектігі бар адам жұмыс істейтін компаниялар қосымша құн салығынан босатылады;

газеттер мен журналдар – отандық баспа басылымдары үшін қосымша құн салығы 10 пайыз болады.

ҚҰРМЕТТІ ГАЗ ТҰТЫНУШЫЛАР!

«QAZAQGAG AIMAQ» АҚ газ есептегіш құрылғыларының көрсеткіштерін енгізуге арналған жаңа мобильді қосымшасын іске қосты.

Енді тұтынылған газ көлемін әр ай сайын өзіңіз енгізіп, тұтыну деректерін нақты және уақтылы жіберуге мүмкіндік бар. Фото анық, тек есептегіштің циферблаты көрінетіндей болуы керек. Бұл — қызмет көрсетуді жылдамдатып, түбіртектер мен төлемдерді дәл есептеуге мүмкіндік жасайды.

Қосымшаны ұялы телефоныңызға App Store немесе Google Play арқылы жүктей аласыз. Сондай-ақ, төменде көрсетілген сілтеме мен QR-код арқылы қосымшаны тез әрі оңай орнатып, тіркелуге болады.

IOS: <https://apps.apple.com/kz/app/qazagqag-aimaq/id6745224670>
Android: <https://play.google.com/store/apps/details...>

2025 ЖЫЛҒЫ ІІІ ТОҚСАНДА АҚСУ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМІНІҢ АЗАМАТТАРДЫ ЖӘНЕ ЗАҢДЫ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ ӨКІЛДЕРІН, ОНЫҢ ІШІНДЕ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІН ЖЕКЕ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

Р/с	Жеке қабылдауды жүргізетін адамның (тегі, аты, әкесінің аты)	Жеке қабылдауды жүргізетін адамның лауазымы	Жеке қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік органның орналасқан жері	Байланыс телефоны
1	2	3	4	5	6
1	Шілдебаев Марат Тныштықбайұлы	Ауылдық округі әкімі	Жұма сәг:15.00-19.00-ге дейін	Ақсу ауылы, Т.Елеусінов көшесі, №16	22-0-24

МЕНШІК ИЕСІ:	Редакцияның мекен-жайы:	(E-mail: a_akshamy@mail.ru) Газет Қазақстан Республикасы Байланыс және Ақпарат Агенттігінде тіркеліп	ТАРАЛЫМЫ: 4000 Газет редакцияның компьютерлік орталығында теріліп, беттелді. Газет Қызылорда қаласындағы «PRINT» баспаханасында басылды.	Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді. Қолжазбалар өңделеді және авторларға қайтарылмайды.
«Желтоқсан и К» ЖШС	Қызылорда қаласы Абай даңғылы, 59/1	№14611-Г «7» қараша 2014 жылы күнелгі берілген. Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі	Мекен-жайы: Қызылорда қаласы, А.Байтұрсынов көшесі, №49	Газет материалдарын көшіріп басу үшін міндетті түрде редакцияның рұқсаты керек.
Бас редактор Сәрсенкүл Бәйдешқызы БИҚОЖАЕВА	Телефон: 23-16-08 23-16-11	№1026-Г - 11.01.2000 ж	Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы	Сурет сапасына редакция жауап бермейді
Бас редактордың орынбасары Айдана ӘЛИАРЫСТАН		Газет аптасына бір рет жарық көреді	Тапсырыс	

“ТҰҚЫМБАҚПЕН” ТАНЫСТЫ

Экология және табиғи ресурстар министрі Ерлан Нысанбаев, Парламенті Мәжілісінің депутаты Қарақат Абден, облыс әкімінің орынбасары, Қазақстан Республикасы Президентінің «Байқоңыр» кешеніндегі арнаулы өкілі Қайрат Нұртай Қазалы ауданына жұмыс сапарымен барып, ондағы тұрақты орман тұқымбақтарымен және Арал теңізінің құрғаған табанында атқарылған жұмыстармен танысты.

Мемлекет басшысының Жолдауында ел аумағына 2 миллиард түп ағаш отырғызу тапсырылғаны белгілі. Осы тапсырмаға сәйкес облыста 2021-2027 жылдарға арналған орман өсіру көлемін ұлғайтудың кешенді жоспары бекітілді.

Өңірде 903 мың гектар алқаптың топырағын зерттеу және жобалау жұмыстары жүргізілді. 2021-2024 жылдары Арал теңізінің құрғаған табанындағы 659,1 мың гектарға екпелер егілді.

Биыл 440,9 мың гектар аумаққа сексеуіл көшеттері мен галофит тұқымдарын егу жоспарланған. Егілетін көшет жеткілікті болу үшін ақытша



тұқымбақтар ұйымдастырылған.

Сонымен қатар Қазалы ауданында Дүниежүзілік банк қаржысы есебінен 33,5 гектар аумаққа тұқымбақ салынды. Жобаның құны 440,7 млн теңге, техникалар сатып алуға қосымша 179 млн. теңге бөлінді.

Тұқымбаққа сексеуіл көшеті, жапырақты ағаш, жеміс тұқымы егілді,

жеміс бақшасы және үйеңкі талының аналық бөлімі құрылды. Сондай-ақ, қорғаныш жасыл жолақ, минералданған жолақ және компосттау жұмыстары атқарылды.

Тұқымбақ құрылысы аяқталып, облыс балансына берілді, қазір онда 47 адам еңбек етеді.

ЗАҢСЫЗДЫҚҚА ЖОЛ БЕРІЛМЕЙДІ

Өңірдегі заңсыз көші-қон деректерін анықтау, алдын алу және оның жолын кесу мақсатындағы “Мигрант” жедел-профилактикалық іс-шарасы қорытындыланды. Өңірлік коммуникациялар қызметінің ақпарат алаңында облыстық Полиция департаменті Көші-қон қызметі басқармасы бастығының орынбасары Сәбит Сатқанбай:

- “Мигрант” іс-шарасы аясында облыс аумағына келген шетелдіктердің көші-қон заңнамаларын бұзу деректерін анықтау, оларды әкімшілік жауапкершілікке тарту, іздеуде жүрген қылмыскерлерді анықтау мақсатында шетелдіктердің уақытша тіркелген мекен-жайларын, салынып жатқан құрылыс нысандары, базарлар мен дәмханалар тексеріліп рейдтік іс-шаралар жүргізілді. Іс-шара нәтижесінде барлығы 153 құқық

бұзушылық тіркелді. Оның ішінде шетел азаматтарымен жасалған 93 әкімшілік құқық бұзушылық дерегі анықталып, 22 шетел азаматы ел аумағынан шығарылып, оларға бес жылға дейін Қазақстанға қайта кіруге тыйым салынды. Сонымен қатар шетелдіктердің болу ережелерінің сақталуын қамтамасыз етпеген және еліміздің еңбек қызметін заңсыз жүзеге асырған 62 азаматы қатысты әкімшілік шаралар тағайындалды. Осы ретте облыс тұрғындары алдағы уақытта шет елдерден келген еңбек мигранттарының құжаттарын белгіленген мерзімде Халыққа қызмет көрсету орталығы арқылы заңдастырып, көші-қон заңнамасын бұлжытпай орындауға шақырамыз, - деді.

ЖОЛ ЕРЕЖЕСІН БҰЗУ – АДАМ ӨМІРІНЕ ҚАУІП

Қызылорда облысында жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету және жол-көлік оқиғаларының алдын алу бағытында нақты шаралар қабылданып, жүйелі жұмыстар атқарылууда. Өңірлік коммуникациялар қызметінің ақпарат алаңында брифинг берген облыстық полиция департаменті жергілікті полиция қызметі басқармасы бастығының орынбасары Рауан Әлдешовтің айтуынша жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету-қоғамдағы маңызды міндеттердің бірі. Өкінішке қарай, жол-көлік оқиғалары көбіне жүргізушілердің өз міндетіне немқұрайлы қарауынан туындайды. Жолда маневр жасау ережесін бұзу, қарсы бағытқа шығу, жаяу жүргіншілерге жол бермеу, жылдамдықты арттыру және ұялы телефон қолдану сынды жауапсыз әрекеттер жиі тіркелуде. Осы тәртіпсіздіктердің жолын

кесу мақсатында рейдтік және профилактикалық шаралар тұрақты түрде ұйымдастырылып келеді. Қызылорда - Ақтөбе бағытындағы республикалық маңызы бар жол тәулігіне он мыңға жуық автокөлікті қабылдайды. Ал соңғы жылдары көлік саны айтарлықтай өсіп отыр. Жолдың екінші санатта болуы мен транзиттік көліктер ағыны жол қозғалысының қауіпсіздігіне қосымша қауіп төндіреді. Жолдағы әрбір тәртіп бұзу - адам өміріне төнген қауіп. Сондықтан тек айыппұлмен емес, заманауи бақылау құралдары арқылы да тәртіпті қадағалау қолға алынған. Соның бірі - ұшқышсыз ұшу аппараттары. Қазірдің өзінде осы құрылғылардың көмегімен жол ережесін ерескел бұзған ондаған жүргізуші анықталып, жауапкершілікке тартылды. Жолдағы әрбір сапардың мақсаты - аман-есен жету.

СУ ЫСЫП, ПӘТЕР ЖЫЛЫДЫ



Қызылорда облысында энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық салаларында ауқымды инфрақұрылымдық жобалар жүзеге асырылууда. Жаңа жылу электр орталығының құрылысы, қала аумағын ыстық сумен қамтамасыз ету - өңір үшін стратегиялық маңызы бар бастамалар. Өңірлік коммуникациялар қызметінің ақпарат алаңында сала басшылары осы бағытта атқарып жатқан жұмыстарды баяндады.

Облыстық энергетика және тұрғын

үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы басшысының міндетін атқарушы Тахир Нәдірбек:

- Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, Қызылорда қаласында қуаттылығы 240 мегаватт электр және 277 гигакалория жылу энергиясын құрайтын жаңа жылу электр орталығының құрылысы жүріп жатыр. Бұл жоба өңірдегі электр тапшылығын болдырмауға бағытталған. Құрылысқа қажетті барлық негізгі қондырғылар жеткізіліп, монтаж жұмыстары қарқынды

жүреді. Қазіргі таңда жобаның орындалу деңгейі 70 пайыздан асты. Құрылыс алаңында 1200-ден аса маман мен 130-ға жуық техника жұмыс істеуде. Жобаны толығымен түркиялық инвестор - «Akso Energy» компаниясы жүзеге асырып отыр. Жаңа орталықты 2025 жылдың соңында іске қосу көзделген, - дейді.

«Қызылордажылуэлектрорталығы» директоры Бақытжан Молдиманов мәлімдеуінше:

- Мемлекет басшысы 2023 жылғы жұмыс сапары аясында Қызылорда қаласын ыстық сумен қамтамасыз ету мәселесін шешуді тапсырған болатын. Осыған сәйкес 423 көпқабатты тұрғын үйді ыстық су жүйесіне қосу мақсатында екі кезеңнен тұратын жоба қолға алынды. Бірінші кезеңде 187 үй қамтылып, биыл бұл жұмыстар толығымен орындалды. Енді 2025 жылы 236 үйге жол тарту жоспарлануда. Қазірдің өзінде Ақмешіт пен Мерей мектеп аудандарындағы 60-тан астам үйде құрылғыларды орнату басталып кетті. Бұл жұмыстар толығымен аяқталғанда қала тұрғындары жыл он екі ай үздіксіз ыстық сумен қамтамасыз етіледі.

ӘКІМ АРАЛАМАСА, ЕГІН БІТЕР МЕ?

Жаңақорған ауданы әкімі Мажит Самитов су тапшылығы мәселесіне байланысты күріш егістіктерін аралады. Аралау барысында су кезектілігінің үшінші ауысымы жүріп жатқан Аққорған, Келінтебе, Қара-төбе ауылдық округтеріндегі ішкі шаруашылық каналдарының тазалау жұмыстарын бақылады, шаруашылық құрылымдарымен өзекті мәселелерді талқылады.

Шаруашылық құрылымдарының жетекшілері кезектесіп суару нәтижесін көріп отырғандықтарын айтып, биік танаптарға егілген күріш егістіктерін су қашыртық каналдарға қойылған насостар арқылы суандырып жатқандықтарын жеткізді.

Аудан басшысы егіс басындағы шаруалармен кездесу барысында ішкі су арналарын тазалау жұмыстары үшін ауызбіршілік қажеттігін айтып өтті. Алдағы тамыз айында Сырдария өзенінде су көлемі тағы да азаю



мүмкін екендігін жеткізген аудан басшысы диқандарға су қарқынын бәсеңдетпеу мақсатындағы барлық амал шараларды қарастыру қажеттігін баса айтты.

Кездесу соңында аудан әкімі сала басшылары мен ауыл әкімдеріне ішкі шаруашылық каналдарының бойындағы олқылықтарды қысқа мерзімде орнына келтіруді тапсырды.

АСПАЛЫ КӨПІР АШЫЛДЫ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қатысуымен Жаңақорған ауданында теміржол арқылы өтетін аспалы көпір ашылды. Оған Парламент Мәжілісінің депутаттары Мұрат Ерғешбаев, Мұрат Әбенов, зиялы қауым өкілдері мен аудан тұрғындары қатысты.

Аймақ басшысы жаңақорғандықтарды жаңа көпірдің ашылуымен құттықтап, өңірдегі жол инфрақұрылымын дамыту жұмыстарына тоқталды.

- “Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы: «Жер көлемі жөнінен әлемде тоғызыншы орын алатын еліміздің көлік-транзит саласында зор мүмкіндіктері бар. Бұл – айрықша назар аударуды талап ететін стратегиялық бағыт», - деген болатын. 2023-2025 жылдары аймағымыздың 1 232 шақырым автомобиль жолдары

мен көшелерін, 18 көпір өткелін салуға, күрделі жөндеуге 121 млрд. 500 млн. теңге бөлінді. Нәтижесінде жақсы жағдайдағы жолдардың үлесі 92 пайызға жетті. Биыл 329 шақырым жол жөнделіп, жақсы жағдайдағы жолдардың үлесі 95 пайыз болмақ.

Республикалық маңызы бар «Қызылорда-Жезқазған» автомобиль жолын қайта жаңғырту жұмыстары биыл аяқталады.

Қызылорда қаласындағы теміржол асты автожолының құрылысы қарқынды жүреді. Бұл қаладағы көлік қатынасының жүктемесін біршама төмендетеді.

Мамыр айында Арал қаласында 940 метрлік аспалы көпір ел игілігіне табысталды.

Жақын күндері Қармақшы ауданы-

ның Жосалы кентінде дәл осындай аспалы көпір құрылысын бастаймыз.

Жаңа көпір Жаңақорғанның болашағына жол ашатын, ел игілігіне қызмет ететін алтын көпірге айналсын!

Баршаңызға амандық, жасампаз істерімізге толағай табыс тілеймін!”, - деді Нұрлыбек Машбекұлы.

Рәсімде Мәжіліс депутаты Мұрат Әбенов, ел ағасы Нәжмәдин Мұсабаев құттықтау сөз сөйледі.

Жаңақорған ауданының құрметті азаматы Серхожа Ыдырысов батасын берді.

Сондай-ақ, аспалы көпірді салған мердігер мекеме қызметкерлері мен ауданның дамуына үлес қосқан бірқатар азаматтар облыс әкімінің Алғыс хатымен марапатталды.

Айта кетейік, Жаңақорған ауданы-

ШИЕЛІДЕГІ СУБҰРҚАҚ ПЕН АЛЛЕЯ ДА ЖАҢАША...

«Ауыл күндері» байқауына орай Шиелідегі «Руханият» орталығы алдындағы заманауи субұрқақ пен абаттандырылған аллея халық игілігіне берілді.

Ашылу салтанатында аудан әкімі Айтбай Жандарбеков құттықтау сөз сөйлеп, бұл игі іс – Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың елді мекендерді дамытуға бағытталған нақты тапсырмалары мен жүйелі саясатының ауданымызда нақты жүзеге асып жатқандығын атап өтті.

Сонымен қатар аталған нысан облыс әкімі Нұрлыбек Машбекұлы Нәлібаевтың бастамасымен жүзеге асып жатқан абаттандыру, көгалдандыру, көркейту жұмыстарының нақты нәтижесі екенін жеткізді.

Президентіміздің биылғы жылды «Жұмысшы мамандықтар жылы» деп жариялауына сәйкес, ауданда ауылдардың әлеуметтік-экономикалық әлеуетін арттырып, тұрғындардың белсенділігін ынталандыру мақсатында «Ауыл күндері» байқауы бастау алды.

Ауқымды бастама – ауылдардың тіршілігін жандандырып, еңбек адамдарының еңбегін дәріптеп, бірлік пен берекені бекемдейтін шара. Байқау аясында әр ауылда абаттандыру, мәдени іс-шаралар, ауыл өнімдерінің жәрмеңкелері ұйымдастырылып, жұмысшы мамандықтарының маңызы кеңінен насихатталады.

Бұл байқауға Байғеқұм және Талаптан ауылдары қатысып, белсенділік танытты. «Руханият орталығы» ауласын абаттандыру жұмыстарын «Бақыт» дара кәсіпкері жүргізді. Тамшылатып суару жүйесімен газон төселіп, субұрқақ, заманауи жарық шамдары мен демалыс орындықтары орнатылды.



ның бюджеті соңғы 2 жылда 12,7 млрд теңгеден 22 млрд. теңгеге артты

Үш жылда 200 млрд. теңгеге жуық инвестиция тартылды. Ауыз су мәселесі толық шешілді, 4 елді мекеннің су желілері жаңартылып, аудан халқы 100% таза ауыз сумен қамтылды.

Бүгінде тұрғындардың 52%-ы “көгілдір отын” тұтынуда. Тағы 8 елді мекенді газдандыруға 7,3 млрд теңге

бөлініп, жұмыс биыл аяқталады.

«Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясындағы 10 мектептің екеуі Жаңақорғанда салынды. Сонымен бірге 3 жаңа амбулатория және Теменарықта 15 орындық аурухана пайдалануға берілді. Жақында 972 млн. теңгеге аудандық ауруханаға қосымша ғимарат салынып, қазан айында қолданысқа беріледі.

ЕРГЕШБАЕВ ЕЛ АРАЛАП ЖҮР...



Парламент Мәжілісінің депутаты, «AMANAT» партиясы фракциясының мүшесі Мұрат Ерғешбаев Сырдария ауданына жасаған жұмыс сапары барысында ондағы «Руханият» орталығында болып, бірегей орталықтың жұмысымен танысты. Сондай-ақ аудан ардагерлерімен, қоғамдық кеңес мүшелерімен, жастармен кездесті.

Кездесуге аудан әкімі Берік Сәрменбаев, «AMANAT» партиясы Қызылорда облыстық филиалының төрағасы Алмасбек Есмаханов, аудандық мәслихат төрағасы Ержан Әжікенов, облыстық мәслихат депутаты Жұмабек Ембергенов, «AMANAT» партиясы Сырдария аудандық филиалының Атқарушы хатшысы Ақтөре Ибрагимұлы, аудандық мәслихат депутаты Алмас Есназар, аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Мұса Келдібаев және аудандық қоғамдық кеңес төрағасы Маратбек Еспенбетов бастаған кеңес мүшелері қатысты.

Кездесу барысында елімізде қабылданып жатқан заңдар мен олардың орындалуы туралы айтылды. Сонымен қатар Мәжіліс депутаты қоғамдағы өзекті мәселелер, оның ішінде лудомания, алаяқтық, кибербуллинг секілді қылмыстардың себеп-салдары жөнінде пікір алмасты.

– Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы халыққа арнаған Жолдауында: «Біздің қоғамымызда заң мен тәртіп үстемдік құруға тиіс. Бұл – бүкіл қоғамның, әр адамның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қатысты ең басты талап. Біз сонда ғана Әділетті, Таза, Қауіпсіз Қазақстанды құра аламыз», – деп нақты міндеттерді белгілеген болатын. Түрлі гаджет мен смартфондағы бағдарламалардың көмегімен жасалатын алаяқтық, кибершабуылдар схемасы сөз сайын өзгеріп, қадамдары жаңарып барады.

Халықтың қаржылық қауіпсіздігі үшін қаржылық пирамидалар, құмар ойындарға тәуелділік, интернет-алаяқтық, дропперлік қылмыстардың алдын алуда уақытылы, тиісті шешімдер қабылдаудың маңыздылығы артты. Бір қарағанда жеке адамның мәселесі секілді көрінуі мүмкін. Бұл – тұтас қоғамға, әрбір отбасыға, ұрпағымыздың болашағына әсер ететін қауіп-қатер, – деді Мұрат Ерғешбаев.

Өз кезегінде аудандық қоғамдық кеңес мүшелері қоғамдағы ортақ мәселелер мен құндылықтар туралы ой қозғап, қабылданып жатқан заңдардың маңыздылығына тоқталды. Сонымен қатар атқарылған жұмыстарды оң бағалап, Мәжіліс депутатының жұмысына сәттілік тіледі.

Сондай-ақ мәжіліс депутаты М.Ерғешбаев С.Сейфуллин ауылдық



Кездесу барысында ауыл ардагерлері мен тұрғындар пікір білдіріп, атқарылған жұмыстарды оң бағалап, Мәжіліс депутатының жұмысына сәттілік тіледі. Сондай-ақ ауыл ардагерлерінің ұсынысымен қазақы үрдіске сәйкес М.Ерғешбаев кішкентай сәбидің тусауын кесіп, батасын берді.

танысты. Ол мектептің жөндеуі сапалы болуы керек екенін айтып, мердігер мекеме өкілдерімен пікірлесті. «Н-Строй сервис» серіктестігінің өкілдері күрделі жөндеу жұмыстары сәуір айының ортасында басталғанын айтып, қазан айында толық аяқтау жоспарланғанын баяндады. Қазіргі таңда жұмыстың 80 пайызы аяқталған, ішкі әрлеу және сырлау жұмыстары жүргізілуде.



Жалпы мектепте күрделі жөндеу жұмыстарына облыстық бюджеттен 309,1 млн. теңге бөлінген.

Парламент Мәжілісінің депутаты Мұрат Ерғешбаев Жалағаш аудандық Полиция бөлімінің жедел басқару орталығының жұмысымен танысып, орталықтың материалдық-техникалық жабдықталуын, бейнебақылау жүйесінің тиімділігін және құқықтық тәртіпті қамтамасыз етудегі рөлін бақылап көрді.

Бүгінде Жалағаш кенті орталығына 72 бейнебақылау камерасы орнатылып, тиісті жұмыстар жүргізілуде. Мәжіліс депутаты құқық қорғау саласын одан әрі дамыту және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бағытында ұсыныстарын білдіріп, жедел басқару орталығының маңыздылығын атап өтті.

Сондай-ақ мәжіліс депутаты Мұрат Ерғешбаев жұмыс сапарымен Шиелі ауданында да болды.

Сапар барысында халық қалаулысымен бірге AMANAT» партиясының облыстық филиалының төрағасы Алмасбек Есмаханов, облыстық мәслихат депутаты Дәулет Жүмбеков, аудан әкімінің орынбасары Алмат Алдабергенов, аудандық мәслихат төрағасы Мұрат Тұрабаев және партияның аудандық филиалының төрағасы Болат Сыздық бірге болды.

Сонымен қатар аудан орталығында салынып жатқан 30 орындық жұппалы аурулар ауруханасының құрылысымен танысты. Жобаның құны 2,3 млрд теңге. Қазіргі таңда құрылыс жұмыстарының 92%-ы аяқталған. Құрылыс алаңында 70-ке жуық жұмысшы еңбек етуде, оның ішінде 15-і — жергілікті тұрғындар. Жаңа медициналық бөлім жұппалы ауруларға жедел ден қоюға, заманауи талаптарға сай ем-дом жүргізуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, денсаулық сақтау инфрақұрылымын дамыту мен жергілікті тұрғындарды сапалы медициналық қызметпен қамту бағытындағы маңызды жобалардың бірі болып табылады.

Сапар соңында Мұрат Ерғешбаев 200 орындық Оқушылар үйі мен 50 орындық Өнер мектебінің құрылыс алаңында болып, жұмыс барысымен танысты. Құрылыста 50 адам еңбек етуде, олардың 70%-ы Шиелі кенті мен жақын маңдағы ауылдардың тұрғындары. Мәжіліс депутаты бұл нысандардың жергілікті жастардың шығармашылық және білім деңгейін арттыруға елеулі үлес қосатынын атап өтті.

Жұмыс сапары барысында халық қалаулысы әлеуметтік, экономикалық және инфрақұрылымдық мәселелердің оң шешілу жолдарын талқылап, нақты ұсыныстарын білдірді.

ӘБДЕН АУЫЛДАРДЫ АРАЛАДЫ



Парламент Мәжілісінің депутаты, «Ауыл» халықтық-демократиялық патриоттық партиясының мүшесі Қарақат Абден Арал ауданында болып, бірқатар әлеуметтік нысандардың жай-күйімен танысып, қолға алынып жатқан жобаларға қанықты.

Алдымен Арал қаласында жаңадан ашылған Руханият орталығының жұмысымен танысты. Халық игілігіне берілген орталықта музей, кітапхана, мұрағат, неке қию залы, ардагерлер және аналар орталығы мекемелері орналасқан.

Соңан соң орталықтағы мұражай экспонаттарымен танысып, ардагерлер және аналар орталығының өкілдерімен жүздесті. Мұндағы орталықтардың жұмысына сәттілік тілеп, аталған Руханият ордасында елдің игілігіне жарайтын, жастарға жақсы үлгі болатын түрлі шаралардың жоғары деңгейде өтуіне тілектестік білдірді.

Мұнан соң «Qazaqstan Halquna» қоры ауданаралық оңалту орталығының жұмысымен танысты.

Оңалту орталығында Қазалы ауданының және Ақтөбе облысының Шалқар ауданының мүгедек балдарына медициналық көмек көрсетуі мүмкіндігі қарастырылған. Бүгінгі таңда орталықта ішкі жабдықтау жұмыстары жүріп жатыр.

Осындай заманауи орталық бұған дейін облыстық балалар ауруханасының жанынан ашылған болатын. Ол жүйелі және кешенді тәсілдермен жұмыс жасап, тиімділігін көрсетіп келеді.

Халық қалаулысы орталық ғимаратының құрылыс жұмыстарымен танысып, алдағы жұмысына сәттілік тіледі.

Әрі қарай «Ase Invest» өндірістік зауытының жұмысымен танысты. Жоба өңірлік пулга енгізілген, құны 300 млн. теңгені құрайды. Зауыт күніне 22 тонна өнім шығаруға қауқарлы. Қазіргі таңда өнімнің 50%-ы экспортқа бағытталып отыр. Кәсіпорын жобаның екінші кезеңінде ылғал майлықтарды шығаруды жоспарлауда, цех жыл аяғына дейін іске қосылады деп күтілуде. Кәсіпорын жалпы 30 адамды жұмыспен қамтып отыр. Бұл көрсеткіш қосымша өндіріс көзі пайда болғанда еселене түседі.

Қарақат Жақсылыққызы зауыт жұмысына сәттілік тілеп, мұндай өндіріс ошақтарының көптеп салынуы ел экономикасы үшін маңызды екенін атап өтті.

Мұнан соң Арал қаласындағы «Aral See food» балық зауытында болды.

Аталған цехта балықтар «Евростандарт» бойынша мақұлданған технологиямен өңделіп, ішкі нарыққа және ТМД елдеріне жөнелтіледі.

Қазіргі таңда аталған зауыт аумағынан балық қалдықтарынан ұн шығару жұмыстары жолға қойылған. Ұн шығаруға арналған цехқа қажетті құрылғылар да жеткілікті. Жергілікті өнім өндіруде озық технологияның мүмкіндіктеріне иек артқан цехта қазіргі таңда жұмыс күші де жеткілікті.

Теңіз өнімдерін түрлі деңгейде өңдеп, нарыққа жөнелтуді қолға алған кәсіпорынға халық қалаулысы сәттілік тілеп, жобаны жүзеге асыруды қолға алған іскер азаматтарға үкіметтен әрқыз қолдау болуы керектігін жекізді.

Парламент Мәжілісінің депутаты, «Ауыл» халықтық-демократиялық патриоттық партиясының мүшесі Қарақат Абденнің ауданға жасаған сапары Шияға ауылына жалғасты.

Мәжіліс депутаты қазіргі таңда жазғы демалыс орнына айналған ауыл іргесіндегі «Дубай» аталып кеткен шеге құм жағалауында болды.

Ысылдаған шеге құм шетел асуға құмар демалушыларды өзіне тартуда. Нақтысы ауданға қарасты ауылдың шаңы жоқ саф ауасы, жауһар өлемге жол бастар бұйрат құмдары бүгінде келушілерге құшағын айқара ашуда.

Бұл жерден квадроцикл де, ат та, түйені де кезіктіруге болады. Тұмса табиғаттың бұймағыз болмысын көзбен көріп, жүрекпен сезінем деуші әрбір аялдаушыға Аралдың ақ дастарханы мен адал асы да әзір. Ол маңға жету еш қиындық тудырмайды. Мын естігенше бір рет көруге асық туристер бүгінде сол жерді манайлауда.

Елге табан тіреген Қарақат Жақсылыққызы сол құмды алқапты аралап, келушілерге жасалған жағдайды көзбен көрді. Аймаққа көптеп туристер тартуда осындай таңғажайып орындарды сол күйі сақтап, барлық жағдайды жасауға күш салу керектігін атап өтті.

Мұнан соң Ақирек елді мекеніндегі «Думан» шаруа қожалығының егістік алқабымен танысты. Жалпы көлемі 185 гектар аумақтың 7 гектарына қауын, қарбын өнімдері егілген.

Қазіргі таңда шаруа қожалықтың төрайымы Ұ.Жарекеева өнімді алатын күннің де ашы емес екенін айтып. Уақыты келгенде дөмі тіл үйіретін Ақбайдың қауын-қарбыздары аймақ сұранысына ие болып, күре жол бойындағы жолаушылар мен базар сөрелеріне жөнелтілетін болады. Шаруашылықта бұдан өзге асқабақ, картошка сынды бақша дақылдары да бар.

Парламент Мәжілісінің депутаты Қ.Әбден егіс алқабында шаруа қожалық төрайымымен тілдесіп, берекелі кәсіптің нәсібін көруге тілектестік білдірді.

Сапар барысында «Ауыл» халықтық-демократиялық патриоттық партиясының мүшесі Қарақат Абден «Қамбаш» олимпиадалар және қосымша білім беру орталығына аялдады.

130 балаға арналған жатын бөлме, бассейн, сауна, 120 орындық асхана, фитнес зал, шынығу залы, ғаламтор бөлмесі және 60 орындық конференц-залы бар орталық қазіргі таңда жеті ауысым бойынша балаларды қабылдап, көлге тынығушылардың шаттыққа толы орталығына айналууда. Бұл орталықта бұдан бөлек түлектер ҰБТ-ге дайындалса, түрлі деңгейдегі семинар, конференциялар да өткізіліп тұрады.

Қарақат Жақсылыққызы ауданға жасаған сапары барысында аталған орталықта тынығушы балаларпен жүздесіп, бастамаларына сәттілік тіледі.

ТУРИСТЕР ҚАЛАЙ КӨБЕЙДІ?

Қызылорда облысы әкімінің бірінші орынбасары Данияр Жаналиновтың төрағалығымен туристік аймақтарға келушілерге қолайлы жағдай жасау және қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері талқыланған мәжіліс өтті. Оған қала, аудан әкімдері және сала басшылары қатысты.

– «Туристік аймақтарда, демалыс орындарында қауіпсіздікті қамтамасыз ету – келушілердің өмірі мен денсаулығын қорғап, өңірдің туристік оң имиджін қалыптастырудың маңызды бөлігі. Төтенше жағдайлардың алдын алу үшін құтқару топтары мен алғашқы көмек көрсету пункттері сақдай сай болуы керек. Демалыс орындарын туристер мен демалушыларға арналған қауіпсіздік нұсқаулықтарымен қамтамасыз етініздер. Демалыс орындарында санитарлық-гигиеналық талаптардың қатаң сақталуын бақылауда алыңыздар.

Аудандардағы туристік нысандар мен демалыс орындары нақты көрсетілген белгілермен, шұғыл жағдайлардың алдын алу үшін байланыс арналарымен қамтамасыз етілуі тиіс. Қауіпсіздік шараларын телеарналарда, әлеуметтік желілерде, интернет ресурстарда кеңінен ақпараттандырыңыздар», – деді Данияр Еренғалиұлы.

Осы жылдың қантар-мамыр айлары аралығында туризм саласына 25,7 млрд теңге инвестиция тартылып, бұл көрсеткіш былтырғы сәйкес кезеңмен салыстырғанда 2,2 есеге артты.

Іскерлік туризм бағытында ұйымдастырылған халықаралық және республикалық іс-шаралар нәтижесінде облысқа келуші туристер саны едәуір көбейді. Бірінші тоқсан қорытындысы бойынша туристер саны 48 мың адамға жетіп, өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 89,2%-ға өсті.

Облыс аумағынан өтетін «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» халықаралық автомобиль дәлізі бойында 55 жол бойы сервистік кешені жұмыс істейді.

Жазғы демалыс маусымында өңірде 13 шағын және 2 ірі демалыс орны халыққа қызмет көрсетуде.

“ҚАРЖЫ АЙ САЙЫН ИГЕРІЛУІ КЕРЕК”

Қызылорда облысы әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен өткен мәжілістің күн тәртібінде бюджет қаржысын игеру, суармалы су тапшылығы, санитарлық тазалық, қоғамдық-саяси ахуалдың тұрақтылығы мәселелері талқыланды. Оған қала және аудан әкімдері, сала басшылары қатысты.

– “Барлық макроэкономикалық көрсеткіштің орындалуы, бюджеттің, оның ішінде республикалық бюджеттің игерілуіне қатысты ешқандай мәселе туындамауы тиіс. Жоспарға сәйкес қаржы ай сайын толық игерілуі қажет.

Су тапшылығы жағдайында алқаптарды кезектестіріп суару, насостар арқылы қашыртқыдан суару жұмыстарын бақылауда ұстаныңдар. Өңірдегі туристік аймақтарда, демалыс орындары мен жол бойындағы сервистік нысандарды талапқа сәйкестендіріп, қызмет көрсету сапасын тұрақты бақылаңыздар.

Әсіресе, демалыс орындары мен рұқсат етілмеген су айдындарында азаматтар мен балалардың қауіпсіздігі басты назарда болуы керек”, – деді Н.Нәлібаев.

Сонымен қатар, аймақ басшысы қоғамдық-саяси ахуалды қатаң бақылауда ұстауды, санитарлық-тазалық, сенбілік жұмыстарын тұрақты ұйымдастыруды жүктеді.

ЖОЛАУШЫЛАР КӨБЕЙДІ...

Мемлекет басшысының «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Жолдауын іске асыру аясында көлік инфрақұрылымын жаңғырту мақсатында Қызылорда облысында темір жол бағытындағы вокзалдар мен қызмет көрсету бекеттерін жаңарту жұмыстары басталды. Өңірлік коммуникациялар қызметінің ақпарат алаңында облыстық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасының басшысы Жәнібек Сыздықов:



- 2023 жылы Қызылорда қаласындағы темір жол вокзалы мен оның аумағы күрделі жөндеуден өтіп, абаттандырылды. Бұл жұмыстар өз жалғасын өңірдегі Жаңақорған, Шиелі,

Жосалы, Төретам, Қазалы, Арал және Сексеуіл станцияларында жалғасын тапты. Бүгінде аталған 7 вокзалда ішкі демонтаж жұмыстары басталып, жаңғырту жұмыстары жүргізілуде. Сондай-ақ, Тереңөзек пен Жалағаштағы қызмет көрсету пункттерін кеңейту немесе жаңа заманауи нысан салу мәселесі қарастырылып жатыр. Бұл бағыттағы жобаларды іске асыруға тәжірибелі мердігер, жобалаушы және техникалық қадағалаушы ұйымдар тартылған. Темір жол нысан-

тұрғындардың аудан және облыс орталығына қатынауын қамтамасыз ету, көлік қатынасын жүйелеу мақсатында жолаушылар тасымалы бағытында нақты жұмыстар жүргізілуде. Қазіргі таңда елді мекендер арасындағы тұрақты қатынас жолға қойылып, халыққа қолайлы көлік қызметі ұсынылуда.

Қазіргі уақытта облыста 200-ден астам тұрақты жолаушылар бағыты ұйымдастырылған. Оның ішінде аудан-аралық, ауданишілік, қалаішілік және қала маңына қатынайтын бағыттар бар. Сонымен қатар еліміздің ірі қалаларына және Ташкентке дейін қатынайтын облысаралық және халықаралық бағыттар да халыққа тұрақты қызмет көрсетіп отыр. Жолаушыларды тасымалдау қызметін 30-дан астам жеке және заңды тұлғалар жүзеге асыруда. Автопарктерде өртүрлі сыйымдылықтағы автобустар бар. Жыл басынан бері тасымалданған жолаушылар саны артты. Бұл тұрғындардың қоғамдық көлікке деген сұранысының жоғары екенін білдіреді. Сондай-ақ, Қызылорда қаласы мен аудан орталықтарында орналасқан автовокзалдар мен автостансалар арқылы халыққа тұрақты қызмет көрсетілуде.

Облыс көлемінде елді мекендер арасындағы қатынасты жақсарту, жол желілерінің сапасын арттыру және көлік қатынасының қауіпсіздігін қамтамасыз ету бағытында бірқатар маңызды жобалар жүзеге асырылып келеді.

Қазіргі Қызылорда облысы аумағындағы жергілікті маңызы бар автомобиль жолдарының жалпы ұзындығы

3545 шақырымды құрайды. Оның ішінде республикалық маңызы бар жолдар - 1024,5 шақырым, облыстық жолдар - 555 шақырым, ал 1965,5 шақырым аудандық

кеңейтіліп, «Қызылжарма» каналы арқылы өтетін автожол көпірінің құрылысы толық аяқталды. Бұдан бөлек Әбілхайыр хан көшесінен Саламатов



маңызы бар жолдар санатына жатады. Ағымдағы жылы өңірде ұзындығы 330 шақырымға жуық жолдар мен көшелерге, сондай-ақ көпір өткелдеріне жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Бұл - халықтың қауіпсіз әрі ыңғайлы қозғалысын қамтамасыз етуге бағытталған маңызды қадам. Қызылорда қаласындағы «Әуе-жайға кіре беріс» жолы, сондай-ақ Шіркейлі, Сыздық, Жаңадария каналдары үстіндегі көпірлер қайта жаңғыртудан өтіп, пайдалануға берілді. Сонымен қатар Тәуелсіздіктің 25 жылдығы даңғылы

көшесіне дейінгі Сырдария бөгеті бойымен жаңа жол салу жұмыстары жүргізіліп жатыр. Бұл бағыттағы жұмыстар қала ішіндегі көлік ағынын қайта реттеуге және жол жүктемесін азайтуға оң әсер етеді. Жол - тек қатынас құралы емес, ел экономикасының қозғаушы күші. Сол себепті әрбір бағыт, әрбір учаске маңызды. Жергілікті биліктің басты мақсаты - тұрғындардың өмір сапасын жақсарту, шалғай ауылдарды сапалы жолмен байланыстыру және өңірлік көлік логистикасын дамыту.

“САҚАЛДЫЛАР” ЖОҚ...

Жыл ішіндегі жағымды жаңалықтың бірі: Сыр өңірінде жылдар бойы аяқталмай келген әлеуметтік маңызы бар нысандардың құрылысы толық аяқталып, пайдалануға берілді. Облыс әкімінің тапсырмасына сәйкес қолға алынған нақты шаралар нәтижесінде бүгінде аймақта «сақалды» құрылыс нысандары толығымен жойылды.

Бұған дейін өңірде құрылысы ұзаққа созылған, әлеуметтік маңызы жоғары 5 нысан болған. Облыс әкімінің нақты тапсырмасына сәйкес бұл мәселе күн тәртібінен түспей, ерекше бақылауға алынған. Нәтижесінде барлық «сақалды» құрылыс жұмыстары толық аяқталып, пайдалануға қабылданды. Бүгінгі таңда Қызылорда облыстық құрылыс, сәулет, және қала құрылысы басқармасы тарапынан аталған мектептерге инженерлік инфрақұрылым жеткізу, абаттандыру және жол салу жұмыстары толық орындалып, бүгінде барлық қажетті жағдайлар жасалды. Қазіргі таңда Сырдария өзенінің сол жағалауында 900 орындық мектеп, Арал қаласында 300 орындық мектеп, Жаңақорған ауданы Жаңарық елді мекенінде 300 орындық мектеп, Жаңақорған кентінің Саяжай мөлтек ауданында 600 орындық мектеп, Қызылорда қаласының



КБИ мөлтек ауданында 600 орындық мектеп және Қазалы ауданы Жанқожа ауылында 300 орындық мектеп құрылысы толық аяқталып, ел игілігіне табысталды. Қалған 4 мектепті биылғы жылдың соңына дейін пайдалануға беру көзделіп отыр. Сонымен қатар, сол жағалаудағы физика-математикалық мектеп, музыкалық колледж және шығармашылық-инновациялық орталықтың құрылысы да аяқталып, пайдалануға берілді. Қазіргі таңда Арал ауданы Жаланаш ауылында 150 орындық мектептің, Шиелі ауданында 200 орындық Оқушылар үйі мен 50 орындық Өнер мектебінің құрылысы қарқынды жүргізілуде. Аталған нысандарды жыл соңына дейін аяқтап, ел игілігіне тапсыру жоспарда тұр екен.

Басқарма басшысы Ерлан Төрәлиевтің Өңірлік коммуникациялар қызметінің ақпарат алаңындағы бринфинген белгілі болғанындай Сыр өңірінде құрылыс саласы қарқынды даму үстінде. Мемлекет тарапынан көрсетіліп жатқан қолдаудың нәтижесінде аймақта ауқымды жобалар жүзеге асуда.

- Құрылыс - өңір экономикасының негізгі тіректерінің бірі. Қазіргі таңда Сыр өңірінде бұл сала қарқынды дамып келеді. Мемлекет тарапынан көрсетіліп жатқан қолдаудың нәтижесінде тұрғын үй құрылысы мен инфрақұрылымдық жобалар ауқымды түрде жүзеге асуда. Бұл - тек экономикалық көрсеткіштердің артуы ғана емес, халықтың өмір сүру сапасын жақсартуға бағытталған нақты жұмыстардың жемісі. Биылғы жылдың алғашқы алты айының қорытындысы бойынша құрылыс жұмыстарының көлемі 111,9 млрд тенгеге жетіп, бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 144,6 пайызға орындалды. Сонымен қатар, пайдалануға берілген тұрғын үй көлемі 350 мың шаршы метрді құрап, 106 пайыздық көрсеткішке жетті. Жыл соңына дейін 870 мың шаршы метр тұрғын үйді пайдалануға беру жоспарда бар. Бұл - өңір халқын баспанамен қамту деңгейін арттырумен қатар, құрылыс саласына жаңа серпін беретін маңызды көрсеткіш. Алдағы уақытта да бұл бағыттағы жұмыстар жүйелі түрде жалғасын табатын болады, - дейді Ерлан Кәрімбекұлы.

ҚЫЗМЕТТІК ЖӘНЕ АРНАЙЫ КӨЛІКТЕР ТАПСЫРЫЛДЫ



Қызылордадағы «Өнер орталығында» облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қатысуымен су, балық шаруашылығы, ветеринария қызметкерлері күніне орай салтанатты шара өтті. Оған Парламент Мәжілісінің депутаттары Мұрат Ерғешбаев, Мұрат Әбенов, құқық қорғау органдарының басшылары, зиялы қауым өкілдері мен сала қызметкерлері қатысты.

Аймақ басшысы су, балық, мал шаруашылығы және ветеринария салаларында атқарылған жұмыстарды саралап, жиналған жұртшылықты кәсіби мерекемен құттықтады. - «Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы 2025 жылды «Жұмысшы мамандықтары жылы» деп жариялап, «Біз жұмысшы мамандықтарын дәрiптеу арқылы қоғамда еңбекқор және нағыз маман болу идеясын насихаттаймыз! Адал, әрі табанды еңбегімен табысқа жеткен адамдар қашанда құрметті, сыйлы болуы керек» деді. Бұл - экономикалық тұрақтылық пен әлеуметтік прогрестің басты факторы ретінде жұмысшы кәсіптерінің ролін күшейтудегі стратегиялық қадам.

Күні кеше Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы

су шаруашылығы қызметкерлерін Ақордада қабылдап, мемлекеттік наградалар табыстады. Салтанатты қабылдауда жерлестеріміз, сала ардагері Сұлтанбек Тәуіпбаев «Парасат» орденімен, «Шиелісуар» өндірістік учаскесінің басшысы Дихан Әубәкіров, «Қызылорда су торабы» өндірістік учаскесінің аға инженер-гидротехнигі Мақсұт Өтеулиев «Құрмет» орденімен наградталды. Бұл - аймағымыздағы су шаруашылығы саласында атқарылған жұмыстарға берілген жоғары баға.

Алаштың анасы атанған Сыр елі еңбегімен елге сыйлы, өмір жолы жас ұрпаққа өнеге болған абзал да, адал жандарға, еңбек адамдарына кенте емес. Біз еңбеккерлерге лайықты құрмет көрсетіп, ғыратты ғұмырын жастарға үлгі-өнеге етуді дәстүрге айналдырып келеміз. Бұл - біздің басты парызымыз», - деді Нұрлыбек Машбекұлы.

Салтанатты шарада «Құрмет» орденімен су шаруашылығы саласының ардагері Бегеш Жақып, «Ерен еңбегі үшін» медалімен «Қазалы су торабы» өндірістік учаскесінің басшысы Болат Асербаев, «Су шаруашылығы саласының еңбек сіңірген қайраткері» құрметті атағымен ардагер Әділхан Қарлыханов марапатталды.

Саланың дамуына елеулі үлес қосқан бірқатар қызметкерге Премьер-министрінің Алғыс хаты, «Балық шаруашылығы саласына еңбек сіңірген қызметкер» құрметті атағы, «Ауыл шаруашылығы саласының үздігі» төсбелгісі, «Еңбек ардагері» медалі, «Су шаруашылығының ардагері» және «Қазақстан Республикасы су шаруашылығының үздігі» төсбелгісі табысталды.

Сонымен қатар Ауыл шаруашылығы, Су ресурстары және ирригация министрлерінің Құрмет грамотасы мен Алғыс хаты, облыс әкімінің Алғыс хаты табыс етілді.

Іс-шарада 42 қызметтік автокөлік пен 65 арнайы техниканың кілті аталған салалардың мекемелеріне берілді.

БАЛЫҚ - ТАБЫС КӨЗІ

Ауыл шаруашылығы министрлігінің Балық шаруашылығы комитетінің төрағасы Серік Сермағамбетов жұмыс сапарымен Арал ауданындағы балық шаруашылығы саласының жай-күйімен танысты.

Аудан әкімі Аманжол Оңғарбаевпен бірге Балықшылар алейсында аудандағы бір топ балық шаруашылығы саласының өкілдерімен кездесті.

Қазіргі таңда мемлекет тарапынан балық шаруашылығына жан-жақты қолдау көрсетіліп келеді. Балық шаруашылығы кәсіпшілік балық аулау, балық өсіру (аквакультура) және балық өнімдерін өңдеу бағыты бойынша дамып келеді.

Бекітілген «Балық шаруашылығын дамытудың 2021-2030 жылдарға арналған өңірлік бағдарламасы» бойынша ауданға қатысты тауарлық балық өндірісін ұлғайту үшін 7 тауарлы көп тізімге енгізілді. Атап айтатын болсақ «Ақшатау-Сорақ», «Домалақ», «Тұщы», «Қаракөл», «Алаша», «Ақбілек» және «Шөмішкөл» көлдері. Қазіргі таңда ауданда тауарлы балық өсірумен 22 шаруашылық айналысуда. Оның ішінде 7 көл тауарлы балық өсіру шаруашылығы, 8 тоған және 6 тор қоршамада балық өсіру шаруашылығы мен 1 тұйық жүйелі сумен қамтамасыз ету құрылғылары арқылы балық өсіру шаруашылықтары жұмыс жасап келеді.

Кездесуде балық аулау мен өңдеу саласын оңтайландыру мәселесіне қатысты да ортақ пікірлер айтылды. Комитет төрағасы балық шаруашылығын дамыту мәселесі бойынша айтылған ұсыныстардың барлығы ескерілетінін жеткізіп, елдегі шаруаларға қолдау көрсету жалғаса беретінін жеткізді.

Мұнан әрі С.Сермағамбетов қаланың іргесінен салынған «Қарашалаң Балық» балық өңдеу зауытының жұмысымен танысты.

Жылына 6 мың тонна балық өңдеуге қауқарлы зауыттың бүгінде жұмыс кестесі қалыпты. Өндіріс ошағында негізі көксерке балығының өнімдері өңделеді. Көксерке жон еті, алкым, ұрт, фарш өнімдері аталмыш зауытта терең өңделіп, өнім жергілікті жерлерге және шет елдеріне сатылады.

Келесекте басқа да балық түрлерінен кептірілген және ысталған балық өнімі қуатын еселей түспек. Қазіргі таңда өндіріс орнында 40-50-дей адам жұмыс істейді. Бұл көрсеткіш балық аулау науқанында еселеп артып, жұмыс күші 70-100 адамға жетеді.

Балық шаруашылығы комитетінің төрағасы С.Сермағамбетов зауыт ішін аралап, мұнда өңделетін өнім түрлерінің барлығы талапқа сай әрі сапалы өндірілуі керектігін жеткізді.

ЕРКІНБЕК ЕЛГЕ БОЛСЫН ДЕП ЖҮР...

Қармақшы ауданы әкімі Жандос Еркінбек Жосалы кентіндегі бірқатар білім беру мекемелерін аралады. Аралағанда жай араламады

Алдымен №1 «Аққайың» санаториялық бөбекжай-бақшасындағы атқарылып жатқан жөндеу жұмыстарын назарға алып, мекеменің материалдық-техникалық базасын жақсарту бағытын пысықтады.

№121 және №27 орта мектептерінің ауласында қазіргі таңда балаларға арналған ойын алаңын жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Аудан әкімі аталған алаңның қауіпсіздігіне де мән беріп, сапалы құрылыс материалдарын қолдануды және жұмыстарды белгіленген мерзімде аяқтауды, Т.Көмекбаев атындағы №250 мектеп-лицей ауласындағы тас тесеуіштер төсеу жұмыстарының жүргізілуі барысын да қадағалап, жасалып жатқан жұмыс сапасына байланысты тапсырмалар берді.

Аудан басшысы жанында қоғадай болып жапырылып жүрген басшыларға барлық нысандарда жүргізіліп жатқан жөндеу жұмыстарының жүргенін ерекше назар аударылуы тиіс екенін айтып, жауапты тұлғаларға нақты міндеттер жүктеді.

“ВОКЗАЛДАР – АУДАНДАРДЫҢ БЕТ-БЕЙНЕСІ”

Жалағаш ауданы әкімі Ардақ Ибраимов аудан орталығындағы автовокзал мен темір жол вокзалын аралап көріп, жолаушылар үшін қолайлы жағдай жасау бағытында инфрақұрылымын жаңарту бойынша нақты шаралар қабылдауды тапсырды.

Нысандарды аралап көрген аудан әкімі ғимараттардың сыртқы бейнесі мен инфрақұрылымын жаңарту, күту залдарын қазіргі стандарттарға сәйкестендіру, санитарлық талаптарды сақтау және жолаушыларға көрсетілетін қызмет сапасын арттыру қажет екенін ескертті.

«Автовокзал мен темір жол вокзалы – ауданның бет-бейнесі. Сондықтан бұл нысандардың тазалығы, тәртібі, техникалық жағдайы, келбеті және қызметі де заманауи әрі талапқа сай болуы тиіс», – деді Ардақ Ибраимов.


Сонымен бірге, Б.Құлтеменов атындағы бассейн, Батыс Еуропа – Батыс Қытай халықаралық автожолы бойында орналасқан «Достық» кешенінің санитарлық жай-күйі, көрсетілетін қызмет сапасы және инфрақұрылымдық жағдайы зерделенді.

Аудан әкімі қызмет сапасын арттыру, нысандардың халыққа жайлылығын, тазалығын тұрақты түрде сақтау, сыртқы келбеті мен қызмет көрсету сапасын арттыру бағытында бірқатар тапсырмалар берді.

Сондай-ақ Бодыбай Құлтеменов атындағы бассейн мен Батыс Еуропа – Батыс Қытай халықаралық автожолы бойындағы «Достық» кешенінің санитарлық жағдайы, қызмет деңгейі және инфрақұрылым мүмкіндіктері зерделенді.

Аудан әкімі туристік бағыттағы нысандарда тазалық пен жайлылықты сақтау, сыртқы келбетін ретке келтіру және сервистік қызмет сапасын арттыру бойынша жауапты мамандарға нақты міндеттер жүктеді.

Кітапхана



СҮЙЕКШІ

ДУЛАТ ИСАБЕКОВ

...Жылқыны Шералі ауылының жігіттері барымталап кетіпті. Ол үш күн бойы байлаулы жатты. Сұға салынған қыл шылбыр әбден кеуіп, сүйек-сүйекті сындырып барады. Осы кезге шейін нәр татқан жоқ, есіктен бір адам бас сұғып қарамады. Есі жиылып қапты. Алдың күні не істеп, не қойғанын біле алмады. Бар білетіні — жылқылардың жоғалғаны ғана. «Байланғаны несі? Ұрмай ма? Сындырып бара жатқанын қарашы. Оһ-о-о! Ұрған жақсы ғой. Тамақ берсін, сонан соң ұрсын, қанша ұрса да ұра берсін. Байлағаны несі... Оһ-о-о! Ұрғаны жақсы еді-ау!» Осы кезде іргенің киізі түріліп, ішке бозамық жарық түсті.

— Әй, әй, Кеңкелес, — деді әлдекім сыбырлап. — Қайның ашты ма? Ол дауыс шыққан жакқа мойнын бұрды. Сақау жылқышы екен. — Иә, - деді Тұңғыш. — Мен саған ет әкелдім. Сүйегі жок. Бі түінін қалдйймай же. Әйтпесе, миза мені өлтіеді. Мақұл ма? — Мақұл.

Ол керегенің көзінен екі кесек піскен етті гастай салды да, ізім-қайым жок болды. Тұңғыш аунап жүріп әзер жетті. Етті жеп бола бергенде сықырлап есік ашылды да әлде кім лып беріп ішке кірді.

— Тұңғыш, қайдасың? — деді келген адам сыбырлап. — Мұндамын. Өзің кімсің? — Өмекейімн ғой. — Жылкы табылды ма?

— Оны қайтпексің, жазған. Табылғаны құрысын, ертен сені Үкітай ат құйрығына байламакшы.

— Ат... ат құйрығына!..

Кеңкелестің көзі қарауыттып кетті. Өзге білмесе де ат құйрығына байлап сүйреткеннің азабын ол жақсы біледі. Дүниеде адамға көрсетілер барлық-барлық жаза атаулының ішінде дәл осылай жан кинаудан өткен сұмдықтың жоқ екеніне бұл байғұстың былтырғы қыс көзі жеткен. Үйірден он төрт бие бөлініп кетіп, өлігі табылғанда асау кара төбелдің құйрығына байланасың, күн батқаннан ел ас-су ішіп болғанша аппақ қардың тозанын бұрқыратып, тәңірдің тағы бір тәлкегіне айналмады ма. Онда шыбын жанды тек қар сақтап қалды ғой. Үйіп қалған жаның да құрысын. Екі жеті бойы өлі мен тірінің арасында есеңгіреп жатты. Қазір ғой жер қара. Сүт пісірім сүйретілсе бір жапырақ бейшараның құдай-ау, несі қалмак! Онсыз да мұрнының ұшына кеп тіреліп тұрған жаны ауылды бір айналғаннан-ақ шығып жүре береді ғой. Кеңкелестің денесі дірілдеп, көзі жасаурап кетті. «Ат құйрығына байланасың» деген сөз мірдің оғынан да қатты тиіп, күні бойғы денесін сығып өлтіріп бара жатқан кепкен қыл шылбырдың азабы жай әшейін ойыншық боп қалды.

— Енді.., енді не істейміз, көкөтай-ау?! — Өшір үнінді, жазған! Айқайлама, біреу-міреу естіп қойып жүрер. Қимылдамай жата тұр солай. Өмекей қонышынан шыпақты суырып алып, қыл шылбырды бырт-бырт кесіп жіберді. — Ал, кідірме. Қаш! —Қаш?! — Қайда? — Басың ауған жакқа. — Көкөтай-ау, мырза-екем... мырза-екем өлтіреді ғой мені. — Сорың құрғыр, қашып өлдің не, осында жатып өлдің не, бәрібір. Енді бөгел-ме. Ал, құдай жолынды онғарсын. Бол, тез! Кеңкелес оң мен түстің арасындағы адамдай мең-зең боп үнсіз тұрды да, кенет басын көтеріп, Өмекейге бір, даладағы меніреу қараңғылықка бір қараумен болды. — Көкөтай, мырза-екем біліп қойса сізді... сізді ұрмай ма?

— Ол жағын уайымдама. Өз басыңды алып қаш. Тірі болсақ бір жерде кездесерміз, кездеспесек сыртыңнан тілеулес боп жүрермін, маңдайыңнан соры арылмаған бейшара.

Соңғы сөзді айтқанда Өмекейдің үні қалтырап шықты.

— Қош бол!

Үш күн бойы байлаулы жатқан Кеңкелес сал-сал болған денесін әзер жинап, қою қараңғылықтың меңіреу түкпіріне қарай шайқағыла басып жүріп кетті. Өзгелер секілді ата-ананың ыстық мейірімін көріп өсуге, ойнап-күлуге, бозбала боп жар сүйіп, түгін түтетіп өз алдына шаңырақ құруға қақы бар бір пенденің бүкіл болашағы мен ғұмырын, бар қызығын жұтып, оның анау жұдырықтай денесін сығымдап-сығымдап, бұдан былайғы кешер ғұмыр, сүрер өміріндегі бар жақсылығын сылып алған қарғыс атқыр аманат тұзағы пырт-пырт кесілген қыл шылбырмен бірге көрпелдеш қамайтын қараңғы үйде қала берді. Бірақ ол бостандық алдым екен деп ойлаған жоқ, жиырма екі жыл бойы мойнына сор боп мінген аманат бәлекеті әйтеуір артта қалды-ау деп қуанған жоқ. Мына қараңғылықтың ар жағында не бар, ертеңгі таңы қалай атпақ, тұраған етпей боп зу ете шығатын қып-қысқа өмірдің енді былайғысында жаны шықпаған кеудесін тағы қайда сүйретеді, алда не күтіп тұр? Ол мұның бір де біріне көз жіберіп ой тоқтатпады, тоқтатуга шамасы да болған жоқ, тіпті өзінің қайда кетіп бара жатқанын да білмеді.

Беталды —құла дүз, қанша жүргені белгісіз. Әйтеуір бір кезде аяғынан әл кетіп, қалжырап сұлық түсті. Сол бойы талықсып ұйықтап кетіпті. ...Бас жағынан әлдекімнің бір қалыпты созылта, әндете салған дауысы естілді. Өңі екенін, түсі екенін ажырата алмай біраз жатты. Тұла бойы суықтан қалшылдап барады. Бас жағындағы сарнаған дауыс бұрынғыдан анығырақ, күштірек естілді. Ол жайлап көзін ашты. Көкпенбек боп ашылған тұнық аспанды көрді. Күн де көтеріліп қапты. «Апырмау, бұл не? Қайда жатыр? Жылқылар қайда? Мынау кімнің дауысы, қайдан шығып жатыр?» — Аш көзіңді, жи есіңді. Қайдан жүрген жанысың? Тұңғыш басын көтерді. Иығында ала қоржыны бар бір кемпір өзіне төне қарап отыр екен. Қолы күсті, киімі алба-жұлба, қайыстай боп қатып қалған қара қошқыл жүзінен ыстық-суыққа әбден көнбіс боп алған кейпі байқалады. Тұңғыш есеңгіреп кетті.

— Апа... сіз... сіз менің апамсыз ба?

— Қайдағы апа, бейшара! Мен диуанамын. Басыңда отырғаныма көп болды. Өлгелі жатқан бір сорлы екен деп жаназаңды шығарып отыр ем, талқаның таусылмаған екен, көзіңді ашып, тілге келдің. Қайдан жүрсің, қайда барасың? — Қашып келемін. Барар жерім жоқ. — Жақын туысын бар ма еді? — Құдай жалғыз, мен жалғыз. — Мұндай күйге қалай түсіп жүрсің? Пеш үстіндегі киімдеріңді, сонан соң айтарсың. Мыналарды киіп ал, тісің тісіне тимей барады ғой Диуана қоржынынан ескі-құскы киім алып Тұңғышқа берді.

— Көп жасаныз, шеше.

— Көп жасап қайтемін, «иманды болыңыз» де.

— Иманды болыңыз.

Ол тас лақтырым жердегі су қазған жыраға барып киініп келді. Кемпір ақ таяғына сүйеніп сол қалды қимылсыз отыра кетті.

— Өзің қаншадасың?

— Отыз бірдемін.

— Өзіңіз ше?

— Менен бір мүшел жас екенсін.

— Қойыңызшы!. Бір-ақ мүшел ме? Сіз менің шешем сияқтысыз ғой.

— Еһ, басқа түскен ауырлық кемпір етпек түгілі ет қып езіп жіберер. Өзің де жер ортасына жеткен адам сияқтысың. Жетімдік пен жоқшылықта күнің өткен бір бейбақсың-ау, шамасы?

— Ып-рас, тауып айттыңыз. Өкемнен тоғыз жасымда, шешем мен інімнен... Тұңғыш өткен оқиганың бәрін түп-түгел айтып берді. Сол азапты күндерді басынан кешіп жүргенде терең сезіне қоймаған қайғысын, өзге біреуге алғаш рет жыр ғып айтып беріп жатқанда, өз ғұмырының қасіретті екенін, анадан бейкүнә боп туып, сорлы боп өскенін тұңғыш рет сезініп, екі

сарнау. Соны қайткенде де ұмытпауы керек. Жол қандай? Азапты ма, алыс па, сол жолдың бітер кезі болар ма, біткен күннің өзінде әрі қарай не істейді? Өмір баки ит абалатып, қайыр сұрай бере ме, «отын — олжа, су — қорлық», азаннан қара кешке дейін ақтап жүріп, қоржын толған соң қонаға жай сұрап, әр үйдің қас-қабағына қарап осылай кезе бере ме, әлде екі қолға бір жұмыс, жан бағатын басқа кәсіп іздей ме? Тұңғыш бұл жағын да ойлап жатпады. Диуаналық өмірдің он шақты күні артта қалып, әуелгіде жаны шошыған кәсіпке еті үйреніп, тілі жаттыға бастады. Диуана

СҮЙЕКШІ

көзінен пора-пора жас акты. Диуана да ебіл-дебіл боп жылады.

— Менің де күйеуім, балам бар еді. Екеуі де аштан өлді. Көз алдымда өлді. Ынырып жатты-ау, жарығым... «нан» деп елегізіп айтқан үні құлағымнан кетпейді. Он бір күн бойы нәр таппады. Аштық өтіп, аузы-мұрнынан қара су ақтарылды да жатты. Күйеуім бір нәрсе іліге ме деп қаңғып кетіп еді, түк таппаған соң өлгелі жатқан қатын-баласын көргісі келмей есік алдына келіп, босағаға сүйеніп отырып жан тапсырыпты. Екі пақыр көз жастарын тыя алмай ұзақ отырды.

— Апа, мекен жайыңыз бар ма? — деді әлден соң Тұңғыш диуананың көңдей қатқан бетіне қарап.

— Бар. Алыста. Енді осы жерден қайтамын. Ел аралап өтеңіме жеткенше қыс та түседі. Соңғы күйеуім жарым-жан. Ол да диуана еді, аяқ-қолы сал боп қалды, енді көріп боп үйде отыр байғұс. Менен басқа ешкімі жоқ. Ол жүріп-тұруға жарайтын кезде күн көріс те тәуір еді. Дауысы саңқ етіп, «Ақ диуана-а» деп сарнай жөнелгенде бір үй емес, қонсылас екі-үш үй қайыр-садақасын бірден ап шығып беретін. Батаны да төгілдіріп айтатын еді. Енді міне, бар ауырtpпалық маған түсті. Оған келгенде жұрт та жомарт еді, ал менің тапқаным оның тапқанымен салыстырғанда, қайда-а, түіенің бір қылғығанындай-ақ! Тісің-тісіне тимей қалшылдап барасың ғой, мә, мынаны жамылып ал.

Диуана қоржынының бір басынан ескі шекпен алып Тұңғышқа берді.

— Иманды болыңыз апа. Сіз болма-саңыз өліп қалғандай екемін ғой.

— Мені де құдай айдап келген шығар. Ал, енді не істемексің, қайда бармақсың?

— Басымның ауған жағына.

— Ім-м... Жалшы боласың ба?

— Иә.

— Сен оны қой. Орақтан қашқан — жыраққа, бір тепкіден шығып бір тепкіге түсіп қайтесің. Одан да менімен бірге жүр. Диуанашылық етесің.

— Диуанашылық!!

— Неменесіне шошисың? Диуанашы-лық — Құдай сүйген кәсіп, құдай жолы. Өзім үйретемін, бір айдың жүзінде өз бетіңше ел аралайсың. Беталды қаңғы-ғаннан не шығады?

— Айтқаныңыз болсын, апа.

Тұңғыш үш ұйықтаса түсіне кірмеген мүлде жат, мүлде жаңа кәсіпке — диуанашылық жолына осылай түсті. Диуана әйелмен танысқан күні түні бойғы суықтан денесі қалтырап, жүруге жарамады. Сонан соң ауыл шетіндегі бала-шағасы көп бір жесір әйелдің үйіне үш күн қонып әл жилды, оңалып алды. Шиетті балалар әуелгіде екі диуанадан қорқып үрпіскеңімен ала қоржынның іші күлше-құртқа, өрік-жаңғаққа толы екенін, диуана деген аты болмаса олардың да өздері көріп жүрген адамдардай екенін біліп, бірте-бірте бойлары үйрене бастады. Диуана жатқан үйдің әйеліне екі қадактай ұн, жарты қадақтай мұз қант беріп, дәліздегі алашасын сұрап алды да, ертен жолға шығамыз деген түні қоржын етіп тігіп Тұңғыштың басына қойды. Ертен ол диуанашылық жолға түседі! Бұдан бірнеше жыл бұрын молдалар дәріс алып, «кімсің — Қомшаның молда баласымын» боп шыға келетін тоғыз жасар бала, отыз бір жасында иығына қоржын асып, қолына ақ таяқ ұстап ел-елден қайыр сұрайды. «Бір үй қалса диуананың көңілі күптігей», бар ауылдың итін абалатып, әр үйдің босағасы алдында «ақ диуана» деп сарнап тапқан-таянғанын қоржынға жинайды. Ақша ма, нан ба, киім бе, құрт па бәрібір, бергенін ала береді Тамақтың жегенін жейді, артылғанын жетім-жесірге үлестіреді, жырттығы жоқ киім болса базарға барып өткеніне сақдай. Торғайдың шоқжығанындай тістеп-тырнақтап жиналған ақша тер сіңген орамалға түйіліп, шидем-шекпеннің қалтасына түседі. Сол ақша ақ қар, көк мұз үш ай қыста жан бағуға, бала-шағаң болса өзің жеті-сегіз айдан кейін қайта оралғанынша солардың ыстық қауметіне, күнделікті талшығына жетеді. Ал, Тұңғыш кім үшін қайыр сұрайды? Әуелі құдай, сонан соң өз қарақан басы Өуені. Өзіне қарағанда әкесінің арып-ашып тапқан табысы да қадірлі екен ғой. Ол марқұм әйелі мен баласы үшін отқа да, суға да түсті, сөйтіп жүріп көз жұмды. Бірақ, көзін ашқаннан көңілі бәсеңіп, жаны жасып, жігері майырылған Тұңғыш өмірдің мұндай бұлталандары жайлы ойлаған да жоқ. Оның бар ойы — ертеңгі жол, үш күннен бері диуана үйреткен түсініксіз шұбыртпа

әйел оны жанынан тастамай баули берді. Кейде «Ақ диуананың» өзі айтпай Тұңғышқа жүктеді. —Үйрен. Мен қашанғы қасыңда боламын, — дейді ол оңаша шыққанда, — дауысың жердің астынан естілгендей көмескі, ұялмай сампылдап қоя беру керек. Сөзін ұмытып қала бересін. Жаңағы үйдің иесі қайырды сүлесөқ, көңілсіз берді. Міне, былай айт. Ол сөз бен сөздің арасын бөлмей біркелкі әңдетіп қоя берді. — Ақ дуу-сс, ақ диуана, е, Алла, жақсылығыңды аяма, жеттім дегенде жығылма, толдым дегенде төгілме-е Алла, мұсылманға ақ ниетінді аяма-а... Аяма-а деген кезде даусыңды созып тұру керек, ал сен «аяма» деп күнк ете түссесің, оныңды қасыңда тұрған мен де естімей қаламын. Қане «аяма-а-а» деп созып айтшы. —Ая-ма. —Әлі де соза түс. —Ая-ма-а.—Міне, сәл жөндем шықты. Енді дауысыңды көтере түс. —Ая-ма-а-а! —Бәрекелді! Өстіп айту керек. Енді он шақты күнде жап-жақсы диуана боп шыға келесің. Құдай сүйген өнерді пенде сыйлау керек. Қазір тағы сен айтасың, жүр. Арала он шақты күн өткенде Тұңғыш сампылдап қоя беретін болды. Бұрынғыдай қымсынуы тыйылып, дауысы ашыла түсті, Диуанадан мақтау естіген сайын көңілі бір өсіп, келесі үйге барғанда оны тоқтатып қойып дарбазадан кірген бетте-ақ өзі бастап жүре беретінді шығарды. Аманат кезіндегідей емес, енді оның өміріне күлкі араласты, диуанадан мақтау естіп көңілі көтерілді. Ол бұл кәсіпті бірте-бірте ұнатып, ертеңгі таңның атуын кей түндері асыға күтетін де болды. Бір күні диуана:

— Екеуіміз екі ажырайық, — деді ақырын ғана. Қосарланып жүрген соң жұрт тыжырынын қалады. Арамызға сүт пісірімдей уақыт салып аралап отырайық. Ауыл сыртында кездесерміз. Елді азар қылсақ бізден кейінгілерге қиянат болады. Арada бір жарым ай өтіп, жас диуана өз бетінше ел аралап, жаңа кәсіптің жөн-жосығын айыра білетін болды-ау дегенде, диуана кемпір екеуінің екі ажырасар кезінің жеткенін айтты. Оң-солын таны-ғаннан бері жат кісі атаулыдан алғаш рет шын мейірбандық, шын жанашырлық тапқан Тұңғыш мойны қатса да қанаты қатпай, дүрмегінен көз жазып жалғыз қалған соң бір қырғыдан жан сауғалаған бейшара торғай секілді көзі қарауыттып кеп бірінші кездескен диуананы паналай кетіп еді. Ол диуана кемпірмен осылайша қосарланып жүре бермейтінін, ерте ме, кеш пе оның қанатының астынан шығып, өз бетінше бөлініп кете барарын білетін-ді. Бірақ, «ажырасармын-ау» деп ойлаған сайын бүкіл жарық дүниеде жалғыз өзі ғана қалатындай күні бұрын жаны құлазып, жетімдік жапасын нақ бір енді шегетіндей іштей үгітіліп, мүсапір халге түсетін Тұңғыш, диуананың аузынан «енді айырлысайық» деген суық сөзді естігенде тырнағының астына әлдекім ине сұғып алғандай бір сәлт ете түсті де, басын тұнғажытып, төмен қарап отырып қалды. Пәлен деп тіл де қаптады, көкпенбек дерменен бырт еткізіп сындырып алып, жер шұқылай берді.

Әлгіде өздері аралап шыққан ауыл сыртындағы төбе басында екеуі ғана, бірі отыр, бірі осы жерден еліне кетуге ниет етіп, қана таныссының разылық үнін күтіп тұр. Сәлден кейін диуана таспадай тартылған жалғыз аяқ жолға түсіп Тұңғыштың көзі көріп, құлағы естімеген туу алысқа сапар шегеді. Бір жусан мен бір жусанның арасында қыбыр-қыбыр етіп ешкі сауым уақыт жүрген мына бір байғұз құмырқа секілді, ол да жер түбіндегі өтеңіне өнімсіз жүріспен қимылдай береді. Мейлі, қанша өнімсіз болсын, ерте жетсін, кеш жетсін, мейлі, әйтеуір ол өз отбасына кетіп барады емес пе. Ал өзі отырған төбенің қай жағына құлары да, кең дүниенің қай түкпірін бетке ұстарын да білмей, жер ортасы осы боп шөгіп қалған бейбақтың ендігі мақсаты, ендігі әрекеті, ендігі күйі не болмаст? Басына қандай қара күн туса да ебіл-дебіл еңіреп жылаумен ғана тынған, қайғырғанмен қабырғасы қайысып, ой толғауға өресі жетпей өскен Тұңғыш дәл осы сәт өз өмірінің қор өмір екенін, тіпті, ес біліп, етек жапқалы диуанашылықпен ыстықаумет тауып келе жатқан мына диуана кемпірдің өзінен әлдеқайда бақытты екенін алғаш рет ой жіберіп, бордай үгітілді. Кене болсын, шайла болсын, түтіні қисық шықсын, түзу шықсын, алыс болмақ түгiлi ғұмыр бойы жете алмайтын жер шеті болсын, әйтеуір өтеңім бар деп көңіліге тоқ, жанға медеу санап жүрер жаман шаңырақ, қара қазаның тірі пендеге бой тұмардай қажет екенін, демеу екенін ұғынды.

— Байғұс-ау, қашанғы тұрамын, басың-ды көтеріп разылығыңды берсеңші, — деді диуана оң иығындағы қоржынын сол иығына ауыстырып. Тұңғыш сонда барып басын көтеріп, қарсы алдындағы диуанаға қарады.

— Жасаған жақсылығыңыз Алладан қайтсын. Иманды болыңыз, — деді ол күбір-леп. Сөйтті де қайтадан төмен қарады. — Алла бұйырғса ұшырасармыз, бұйыртпаса ана жалғанда жолығармыз. Құдай жалғыз, диуана жалғыз. Ел кездеспей далада қалсаң молаға түне, әруақ жүрген жерден жын-жыбыр, бәле-жала аулақ жүреді. Жалғыздың жары —құдай. Жалғыз жатар кезің көп,

ұйықтар алдында иманыңды үйіріп жат. Иманы үйірілмеген пендені ана дүние қабыл етпейді. —Оны... оны білмеймін ғой. —Айтпаған екенмін ғой саған. Міне, былай: «Жаттым, жаттым жан аула, Тұрғыза гөр иншалла! Тұрғызбасаң иншалла, Лә иллаһа иллалла!» — Көрдің бе, қиын ештеңесі жоқ. Қане, қайталап айтшы. Тұңғыш аузын аша алмады. Осы төрт жолды үйретемін деп диуана сүт пісірімдей кідіріп қалды.

—Ал, қош бол енді.

— Қош... қош болыңыз, апа!.. Диуана жүре берді де кері бұрылып кеп: —Мына кебісті сен кие ғой, — деді ескі-құскыны сатып, күйеуіме деп алдың күні Сайрам базарынан алған кебісті Тұңғышқа ұстатып.

— Нәсіп болса жолдан тағы алармын. Жер сыз, табаныңнан сыз өтіп ауырып қаларсың, байғұс, мына аяғыңдағы жырттылып бітігіп ғой.

— Көп жасаңыз...

— «Иманды болыңыз» де.

— Иманды болыңыз...

Диуана жүріп кетті. Тұңғыш төмен қараған күйі, қала берді. Жусан сабағымен шұқылап отырған қара күрөң кебу топыраққа кенет әлдене тырс-тырс тамып, бір түйір балшық топырақ пайда болды, сонан соң екінші, үшінші... Тұңғыш олардың неден, қалай пайда болып жатқанын да сезбей дымқыл тартқан күрөң топырақты ары-бері аударыстыра берді, аударыстыра берді. Батыс та жоқ, шығыс та жоқ, түстік те жоқ, теріскей де жоқ, аспан асты жер қуыс, елден ел, жерден жер кезіп, ол осылайша он бес жыл бойы диуанашылық күн кешті. Қоржынның екі басы мың толып, мың босады. Байлаудағы төбеттер шынжырын үзіп кетіп талай талап, талай жазылды. «Аш иттің артын сұқ ит жалайды» дегендей, тырнақтап жанған ақшасын ұры-қарылар тонап, көп ажалдан әзер қалды. Ел іші ала-құла, жаман да бар, жақсы да бар. Баламды қорқыттың деп талай мейірімсіздердің ауылдан қуып, ит айтқаған кездері де болды, оның қашқан шекпені желбіреп, бас сауғалап қашқанына, есірік төбеттердің ортаға алып тұс-тұстан тартқылаған сәтте, есі шығып ербеденегіне, қарқ-қарқ күліп тұрған кісіпірлердің бірталайын да көрді. Бірақ, диуананың несібесі ел ішіне шашылған, ол елден безбеді, ертесіне қайырымды біреуге кездесіп, әлісінің бәрін ұмытады. Ұмытпасқа шара да жоқ, оның бәрін кек тұта берсең диуана бола алмайсың.

«Диуана болармын» деген ой бұрын оның үш ұйықтаса да түсіне кірмесе, енді оған еті үйреніп, әбден бауыр басып, өзге ескіті ұмытқан шағында «мұны қоярмын» деп әсте ойлаған жоқ-ты. Есігінің алдына келген диуананы ешкім қумайды, еш мұсылман оның маңдайынан шерптейді. Бай бол, кедей бол, жарлы бол, жесір бол — диуанаға барынды бересің, қуыс үйден ол құры шықпауы керек, қайыршыдан да бетер отқа қараған сорлы болсаң бір жапырақ таза шүберек беріп құдай деген пендеге жол сілте, батасын ал, бата ешқашан көптік қылмайды. Бірақ, диуаналардың жазыл-маған бұл заңын әмандан орындай беретін жұмыр басты пенде ме? «Атана нәлет, өзім де ақтап кеткелі отырмын. Бұлардың қайсыбірін жарылқарсың, бірі кетсе бірі келеді. Пақыр ғой деп мүсіркейсің, қазбалап көрсен өзіңнен өткен бай» деп ашу үстінде қуып жербетіңдері де бар. Кім біледі, ондайлардың айтқаны бір жағынан жөн де шығар, соңғы бір-екі жылы жұт көбейіп, елдің пейілі тарылды, аш-жалаңаштар қаптап, диуаналар шұбырып кетті. Барлық адамның мінездері қандай ала-құла болса, диуаналар да солай әртүрлі, олардың да момыны мен кісіпірлері бар. Бұрын, ел тоқшылқ кезде лағы болса ақша, яки бүтін күн сұрап, құрт-май, нан-пан бергендерді жақтырмай батасынын жартысын жұтып, бетін сипап кете беретін масайған диуаналар енді бір тостақ арпа берген үйге бар білетін батасын қақтап айтатынды шығарды. Бүгін ол қонатын үй таппады. Барған жерінің бәрі де: «Сорлы, сен түгілі өзіміз жататын орын жоқ» немесе «өзің секілді екеуі жатыр, қайда сыйғызамыз» деп есіктерін сарт жауып, бірі кіргізбеді. Көз байланып, табан жолды көру мүлде қалған соң Тұңғыш күдерін үзіп, аулақтағы бір жаңғыл қараға келді. Күн жылы, жер құрғақ, қоржынды жастанып, шекпенге оранып жатса бір күнге бөле де алмайды. Ашық даладан гөрі қоранын аты қора ғой. Ол кіріп келгенде ойылған көнге сүрініп етпетіген түсті. «Астапырала!» деп орнынан қайта көтеріле бергенде қараңғы бір түкпірден: «Бұ кім?» деп әлде-кімнің шошына шыққан үні естілді.

(*Жалғасы бар*)

Сұрағым бар...

МӘМС ЗАҢЫНА ҚАНДАЙ ӨЗГЕРІСТЕР ЕНДІ?

Мемлекет басшысы міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы заңға енгізілген өзгерістерді ресми бекітіп, құжатқа қол қойды. Бұл өзгерістердің қарапайым азаматтар мен жалпы жүзеге қалай әсер ететіні жайында Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры түсініктеме берді.

Халықты қамту аясын кеңейту

Қазіргі уақытта халықтың 83%-ы сақтандырылған. Алайда шамамен 3,3 миллион адам МӘМС жүйесінен тыс қалып отыр.

Үкіметтің 2024 жылғы 7 шілдеде өткен кеңейтілген отырысында Мемлекет басшысы жергілікті атқарушы органдардың жауапкершілігін арттыруды тапсырған болатын. «*Әлеуметтік осал санаттарға жататын азаматтар үшін медициналық сақтандыруға аударымдар жергілікті бюджет есебінен төленуі тиіс*», деген еді Президент.

Осыған байланысты халықты МӘМС жүйесімен барынша қамтуға мүмкіндік беретін жаңа шаралар қабылданды. Енді **жергілікті атқарушы органдар** әлеуметтік әл-ауқат деңгейі бойынша **дағдарыстық және шұғыл жағдайдағы (D және E деңгейі)** санаттарына жататын азаматтар үшін МӘМС жарналарын төлейтін болады.

Осы шаралардың нәтижесінде 2026 жылы шамамен 1 миллион адам МӘМС жүйесімен қосымша қамтылмақ.

Сонымен қатар, **ресми тіркелген жұмыссыздар үшін де жарналар жергілікті бюджет есебінен төленетін болады**. Бұл өз кезегінде халықты жұмыспен қамту мәселелерінде әкімдіктердің жауапкершілігін арттырады. Өңірлер жұмыс орындарын құруға, кедейлікті азайтуға және халықты жұмыспен қамту бойынша белсенді шаралар қабылдауға ынталы болады.

Жарна төлеуде үзіліс болған жағдайда сақтандыру мәртебесін сақтау

МӘМС жүйесінде медициналық көмекті үздіксіз алу үшін жаңа норма енгізілді. Енді азаматтар кемінде бес жыл қатарынан жарна төлеген болса, **уақытша төлем тоқтатылған жағдайда алты айға дейін сақтан-**

дырылған мәртебесін сақтай алады (бұған дейін бұл мерзім 3 ай болатын).

Мәселен, азамат бірнеше жыл бойы тұрақты түрде жұмыс істеп, жарналарын уақтылы төлеп келсе, бірақ кейін жұмысынан айырылып, табыссыз қалған жағдайда оған МӘМС аясында медициналық қызмет көрсетіледі. Алайда кейін сол айлардағы берешекті өтеу қажет болады.

Бірыңғай пакетті қалыптастыру

Мемлекет басшысы 2024 жылғы Жолдауында азаматтардың денсаулық сақтау қызметтеріне қолжетімділігін қамтамасыз ету үшін «Бірыңғай медициналық көмек пакетін» жасауға ерекше назар аударған болатын.

Қабылданған өзгерістерге сәйкес, онкологиялық скринингтер 2026 жылдан бастап ТМҚКК тізіміне өтеді және МӘМС жүйесінде сақтандырылған мәртебесіне қарамастан барлық азаматтар үшін тегін болады. Сондай-ақ, 8 әлеуметтік мәні бар ауруға (*туберкулез, АИТВ, созылмалы вирусты гепатиттер мен бауыр циррозы, қатерлі ісіктер, психикалық және мінез-құлықтық бұзылыстар, орфандық аурулар, жедел миокард инфаркті, инсульт*) күдік туындаған жағдайда консультативтік-диагностикалық көмек те тегін көрсетілетін болады. Бұған дейін мұндай көмек тек АИТВ мен туберкулезге күдік болғанда ғана ұсынылатын.

2026 жылдан бастап МӘМС-тің базалық пакетіне амбулаторлық диализ, сондай-ақ динамикалық бақылауды қажет ететін созылмалы аурулардың 12 тобы бойынша консультативтік-диагностикалық көмек, амбулаториялық дәрілік қамтамасыз ету, жоспарлы түрде стационарлық және стационарды алмастыратын көмек кіреді. Аталған аурулар тізбесіне бауыр аурулары; қан менқантүзушіағзалар аурулары; жоғарғы асқорыту жолдарының аурулары; инфекциялық емес энтерит пен колит; артропатиялар, дорсопатиялар; қалқанша безі аурулары; қуық асты безінің гиперплазиясы; сүт безінің қатерсіз дисплазиясы; әйелдердің жыныс мүшелерінің қабынусыз аурулары; бронхөкпе дисплазиясы; жүректің туа біткен ақаулары; даму ақаулары жатады.

Жарна есептеу шегінің өзгеруі

Халықты медициналық көмекпен қамтамасыз етудің маңызды шарттарының бірі – медициналық сақ-

тандыру жүйесінің қаржылық тұрақтылығы.

Осыған байланысты, **2026 жылғы қаңтардан бастап жарналар мен аударымдарды есептеу үшін қолданылатын табыс көлемінің жоғарғы шегі жаңартылады:**

Жұмыс берушілер үшін – **40 ең төменгі жалақы (ЕТЖ),**

Қызметкерлер үшін – **20 ЕТЖ.**

Бұл — бастапқыда ұсынылған 50 ЕТЖ орнына қабылданған **келісімді шешім**, яғни жүйенің тұрақтылығын сақтай отырып, салық жүктемесінің шектен тыс өсуіне жол бермейді.

Аталған өзгеріс жүйенің қаржылық тұрақтылығын нығайтып қана қоймай, **азаматтардың денсаулық сақтау шығындарын өтеудегі жауапкершілікті әділ және теңдей бөлу** қағидатын жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Осы шараның нәтижесінде **МӘМС жүйесінің табысы жылына шамамен 200 млрд. теңгеге** артады деп күтілуде.

Мемлекет жарнасының мәлішерлемесін арттыру

Заңнамаға сәйкес мемлекет МӘМС жүйесінде жеңілдігі бар санаттарға жататын азаматтар үшін жарна төлейді. Бұл жарналар республикалық бюджеттен бөлініп, балалар, зейнеткерлер, мүмкіндігі шектеулі жандар, жүкті әйелдер және тағы басқа 15 санаттағы азаматтардың медициналық көмек алуын қамтамасыз етеді.

Қазақстанда МӘМС жүйесіне төленетін жарналар мен аударымдардың мөлшері ең төмен деңгейде – **2025 жылы 2%**. Салыстырмалы түрде, басқа елдерде бұл көрсеткіш **9–14,5%** аралығында. Жүйені бастапқы жобалау кезінде жарна мөлшерлемелері жоғарыақ болып жоспарланған, алайда жүйе іске қосылған кезде олар едәуір төмендетілген еді.

Алайда «Бірыңғай медициналық көмек пакеті» енгізіліп, МӘМС жүйесінде қосымша міндеттемелердің қосылуына байланысты жүйенің қаржылық жүктемесі күрт өсіп отыр. Осыған байланысты **мемлекет тарапынан жарна мөлшерлемелерін кезең-кезеңімен арттыру ұсынылуда:**

2027 жылы – 2,2%,

2037 жылға дейін – 4,7%-ға дейін біртіндеп өсіру.

Бұл ретте жұмыс берушілер мен жұмыскерлер үшін жарна мөлшерлемелері өзгеріссіз қалады.

ДӘРІГЕР ТАПШЫЛЫҒЫ АЗАЙДЫ МА?

Денсаулық сақтау министрлігінің мәліметінше республиканың денсаулық сақтау саласында медицина кадрларының тапшылығы проблемасын шешуде оң динамика байқалады.

2023 жылмен салыстырғанда дәрігерлердің тапшылығы 20%-ке, ал орта медицина персоналының тапшылығы 7%-ке қысқарған.

Қазақстанда дәрігерлермен және орта медицина персоналымен қамтамасыз ету экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы елдерінің орташа көрсеткіштерінен асып түседі екен. Биыл медициналық жоғары оқу орындарын 11 626 маман бітіреді деген болжам бар. Олардың үштен екісі өңірлік бөлу бойынша медициналық ұйымдарға жұмысқа орналасатын көрінеді.

Қазіргі уақытта өңірлерге кадрлар тарту мақсатында мемлекеттік қолдау шаралары жүзеге асырылып жатыр. Мәселен, тапшы мамандықтар бойынша ауылға 5 жылдан астам мерзімге баратын 254 дәрігер жалпы сомасы 2,1 млрд теңгеден асатын 100 ЕТЖ мөлшерінде біржолғы жәрдемақы алған.

Медициналық жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған стипендиялар орта есеппен 20%-ке ұлғайтылған.

Өңірлік қажеттіліктерді ескере отырып, бакалавриат пен резидентураға 5000-нан астам білім беру гранттары бөлінген. Резидентурада «Педиатрия» мамандығы және арнайы балалар мамандарын даярлау үшін 14 жаңа мамандық енгізілдіген.

СУ МАМАНДАРЫ ГРАНТЫ ҚАНША?

Су ресурстары және ирригация министрлігінің хабарлауынша су саласы мамандықтарына түсетін студенттер үшін грант саны 70%-ке артқан.

2025-2026 оқу жылына гидрогеология және гидрология сияқты пәнаралық мамандықтарды есептемегенде барлығы 1052 грант бөлінгіті.

Су ресурстары және ирригация министрлігінің департамент директоры Ләззат Жүсіпова:

- «Жаңа оқу жылынан бастап Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті алғаш рет «Гидрометеорология» мамандығы бойынша студенттерді қабылдауды жоспарлап отыр. Биыл су саласында өндірістік тәжірибеден өткен студенттердің саны төрт есе өсті», - дейді.

АЛАЯҚТЫҚТАН ҚАЛАЙ ҚОРҒАЙМЫЗ?

Алаяқтар қаржылық ақпаратқа қол жеткізу үшін азаматтардың мобильді құрылғыларын жиі пайдаланады. Зиянды қосымшалар, жалған сілтемелер мен хабарламалар арқылы шабуылдаушылар онлайн-банкінгке, CVV-кодтарға, логиндерге, құпиясөздерге және басқа да конфиденциалды деректерге қол жеткізуге тырысады. Бұл **ақша қаражаттарының және жеке ақпараттың қолды болуына** алып келеді.

Қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі мыналарды ұсынады:

антивирустық бағдарламалық қамтылымды орнату және оны үнемі жаңартып отыру; қосымшаларды тек ресми көздерден (Google Play, App Store) жүктеу; қосымшалар сұраған рұқсаттарды тексеріп, контактілерге, SMS-ке, микрофонға және экранға кіруді шектеу; хаттардың, мессенджерлердің және push-хабарламалардың күдікті сілтемелері бойынша өтпеу;

түрлі қызметтер үшін күрделі және әр түрлі құпиясөздерді, құпиясөз менеджерлерін қолдану;

банк карталарының фотосуреттерін, құпиясөздерді және электрондық қолтаңбаны телефонда сақтамау;

құрылғы жоғалған кезде экранды бұғаттауды, биометриялық қорғауды және

деректерді қашықтан жою мүмкіндігін қосу;

қоңырау шалушы өзін банк немесе құқық қорғау органдарының қызметкері ретінде таныстырса да, телефон немесе мессенджерлер арқылы кодтарды, құпиясөздерді және басқа да құпия ақпаратты хабарламау.

Сонымен қатар:

операциялық жүйені және орнатылған қосымшаларды үнемі жаңартып отыру, өйткені жаңартуларда маңызды қауіпсіздік патчтары бар;

банктік хабарламалар арқылы қаржылық операцияларды қадағалап отыру, транзакцияларға шектеулер қою, сонымен қатар банктік қосымшаға кірген кезде биометрияны қолдану;

бүкіл отбасының кибергигиенасын жүргізу: балалар мен қарт туыстарыңызға алаяқтықты нақты хабарландырулардан қалай ажыратуға болатынын және әлеуметтік инженерияға қалай қарсы тұру керектігін түсіндіру ұсынылады.

Егер сіз құрылғыны жоғалтсаңыз немесе рұқсатсыз кіруден күдіктенсеңіз:

банк карталарын дереу бұғаттаңыз, барлық құпиясөздерді өзгертіңіз және онлайн-банктегі сессияларды өшіріңіз;

құқық қорғау органдарына хабарласыңыз;

қажет болса – ұялы байланыс операторы арқылы SIM-картаны бұғаттаңыз.

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ №1 БҰҚА КІМ БОЛАДЫ?

«Үздік бұқа» Ұлттық байқауы жауап береді. Байқау елдің басты аграрлық көрмесі – Jaŋa Dala / Green Day '2025 аясында өтеді.

Бас жүлде – «Абсолюттік чемпион» атанған қатысушыға берілетін жаңа УТО дөңгелекті тракторы. Қатысушыларды АҚШ, Ұлыбритания, Ресей және Қазақстаннан шақырылған тұқымдық мал шаруашылығы саласындағы жетекші мамандардан құралған халықаралық қазылар алқасы бағалайды.

Абсолюттік чемпионды таңдау кәсіпқой мал өсірушілердің қатысуымен өтетін жарқын әрі әсерлі байқаудың шарықтау шегі болмақ. Мерекелік бағдарламада – ауыл шаруашылығы жануарларының көрмесі және Ангус, Әулиекөл, Герефорд, Қазақтың ақбас, Қалмақ тұқымдары бойынша жарыстар, бұқашықтар аукционы, сондай-ақ стейк фестивалі – Black Angus, Qazaq Aqbas, QALMAQ Meat, Столичная трапеза брендтерінен шеберлік сабақтары өтеді.

Мал шаруашылығы бағытының мазмұнды бағдарламасы Қазақстанның агроөнеркәсіптік кешеніндегі ең ауқымды көрме шарасының – Jaŋa Dala / Green Day '2025 арнаыш демонстрациялық көрмесінің бір бөлігі болып табылады. Дәстүрлі аграрлық форум – Дала күні форматында – 2025 жылдың 17–18 шілдесінде Астанадан 20 км жерде орналасқан «Ақтық» АҚ демонстрациялық ақпалтарында (Ақмола облысы, Целиноград ауданы, Нұресіл ауылы, Талапкер елді мекенінен кейін) өтеді.

Көрме 2013 жылдан бері өткізіліп келеді және республикадағы ең ірі демонстрациялық алаң болып табылады. Мұнда заманауи ауыл шаруашылығы технологиялары, жоғары өнімді техника, сондай-ақ мал шаруашылығы, генетика және селекция саласындағы инновациялық әзірлемелер, ветеринария, агрономия, агрохимия және органикалық егіншілік бойынша жаңа шешімдер ұсынылады.

Jaŋa Dala / Green Day '2025 көрмесіне 20-дан астам жақын және алыс шетел елдерінен 200-ден астам компания қатысады деп күтілуде. Сондай-ақ, агроөнеркәсіп кешені мен агробизнес саласының 5 мыңнан астам кәсіби мамандары келеді. Қазақстан мен әлем ауыл шаруашылығының өзекті әрі келешегі зор бағыттары «Ауыл шаруашылығы техникасы мен жабдықтары», «Егіншілік», «Мал шаруашылығы», «Тіімді гектар» бөлімдерінде көрсетіледі. Көрме аясында 500-ден астам түрлі ауыл шаруашылығы техникасы мен кең ауқымды жоғары технологиялық жабдықтың таныстырылымы және көрсетілімі жоспарлануда.

Қазақстандық дала күні Jaŋa Dala / Green Day '2025 көрмесінде Франция, Ұлыбритания, Нидерланды, сияқты әлемдік аграрлық өндіріс көшбасшыларының ұлттық павильондары ұсынылады. Сонымен қатар, Франция көрменің ресми серіктесі ретінде қатысады.

Іс-шараның қонақтары мен қатысушылары қатарында – ҚР Ауыл шаруашылығы министрі, Ақмола облысының әкімі, Франция, Беларусь Республикасы, Ұлыбритания, Германия, Нидерланд Корольдігінің Төтенше және Өкілетті Елшілері, Ресей Федерациясының кең өкілдігі, сондай-ақ облыстық және аудандық әкімдіктер делегациялары бар.

ҚЫЗЫЛОРДА: КӨРКЕЙГЕН ҚАЛА, ЖАҚСАРҒАН ТҰРМЫС

Биылғы жылдың бірінші жартыжылдығы қорытындыланып жатыр. Биылғы жылдың алты айында қаланың әлеуметтік-экономикалық даму деңгейі қандай? Жұмыс тұрақты ма? Табыс молайып, кіріс көбейді ме? Әрине қаланың бюджетінің орындалуы, оның кірісі мен шығысы жасырын емес, елге ашық. Қалаға қарасты бөлім басшыларының да алты айдағы атқарған істер, жүзеге асқан жобалар турасында айтары бар...

Қызылорда қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы Кенжегүл Құрақбаеваның айтуынша жыл басынан бастап бүгінгі күнге дейін 4652 жаңа жұмыс орны құрылып, оның ішінде 1123 азамат тұрақты жұмыспен қамтылды.

- Жалпы, бөлім арқылы 16 мемлекеттік қызмет түрі көрсетіледі, оның 13-і әлеуметтік төлемдер. Мәселен, бүгінде 2893 отбасыға мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек ай сайын төленуде. Сондай-ақ, жекелеген санаттағы азаматтар бойынша 1923 адамға әлеуметтік көмек төленді, — дейді Кенжегүл Құрақбайқызы.

186 жалғыз басты бөгде адамның көмегіне мұқтаж қартқа, 270 мүгедектігі бар балаға, 82 белгілі тұрғылықты жері жоқ адамға, күндізгі жартылай стационарлық жағдайда 276 ардагерге арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетіліп келеді. Сонымен қатар бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған және пробация қызметінің есебінде тұрған азаматтар ішінен 359 адамға құқықтық, психологиялық көмектер көрсетілді.

Мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қолдау бағытында да арнайы компьютерлік орталық және «Теп Qodam» мүгедектігі бар адамдарды қолдау орталығының қызметтері ұйымдастырылуда.

Көпқабатты үйлердің қасбеттерін панельдермен қаптау жұмыстары биыл да жалғасуда. Облыс әкімінің қолдауымен игілікті іске облыстық бюджеттен 1,4 млрд. теңге бөлініп, көпқабатты 20 тұрғын үйдің қасбетін жаңалау жүргізілуде.

Жоспар бойынша «Астана», «Шұғыла» мөлтек аудандары, Тәуелсіздік, А. Тоқмағамбетов, Д. Қонаев, Е. Әуелбеков, Әйтеке би, Төле би, Т. Әбуов көшелері мен Н. Назарбаев, Абай даңғылдарындағы көпқабатты тұрғын үйлердің қасбеті ретке келтіріледі.

Қалалық кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімінің басшысы Мұхтар Жетілгенов бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдеріне І жартыжылдыққа салада атқарылған жұмыстар мен алдағы жоспарлар бойынша баспасөз конференциясында айтқандай.

Қызылорда қаласы мен қалаға қарасты кент және ауылдық округтерде барлығы 33 519 кәсіпкерлік субъекті жұмыс жасауда. Бұл кәсіпкерлік субъектілерде 69 857 адам тұрақты жұмыспен қамтылып, 721 млрд. 913 млн. теңгенің өнімі өндірілді.

- Есепті кезеңде негізгі капиталға тартылған инвестиция көлемі 124 млрд. 217 млн. теңгеге жетті. Осы инвестициялардың нәтижесінде қалада биыл жалпы құны 233,6 млрд. теңгені құрайтын 13 инвестициялық жобаның жүзеге асырылуы көзделуде. Атап айтсақ І жартыжылдықпен «Қызылорда Саз М» ЖШС-нің заманауи кірпіш шығару зауыты, «Қызылорда-Нан» ЖШС-нің нан-тоқаш кондитерлік өнім шығару кешені, машина жасау саласында «Марал-Нұр» ЖШС-нің вагон жөндеу депосы және «Панабек» ЖШС-нің жиһаз цехы іске қосылды. Сондай-ақ, «Rem Plast Invest» ЖШС-нің қағаз мен картон өндірісі, «Ауна Glass» ЖШС-нің жоғары технологиялы айна шығару зауыты, «Техоснастка-Ремсервис» серіктестігі мен «Тұмар» жеке кәсіпкерлігінің шағын өнеркәсіптік партері, «Қаржаубаева» жеке кәсіпкерлігінің сауда үйі мен «Orhun Medical» ЖШС-нің медициналық орталығы жақын күндері өз жұмысын бастайды. Сонымен қатар, жыл соңына дейін қуаттылығы 240 мегаваттық жаңа жылу орталығы пайдалануға беріледі. Бұған қоса биыл «With You E&C Kyzylorda» серіктестігінің Оңтүстік Корея технологиясы бойынша қатты қалдықтарды сұрыптау және қайта өңдеу және «Seven Rivers Technologies» серіктестігінің шыны сынықтарын қайта өңдеу және көдеге жарату желісі бар шыны ыдыстарды шығару зауытының құрылысы бастау алады, - деді бөлім басшысы.

Бұдан бөлек сауда базарларын жаңғырту жұмыстары жоспарға сәйкес кезең-кезеңімен жүзеге асуда. 2024 жылы «Сұлтан» базарын жаңғырту жұмыстары қолға алынып, қазір құрылысы аяқталуға жақын.

Сонымен қатар мемлекеттік бағдарламалар аясында кәсіпкерлік бастамаларды қолдау шаралары оң нәтижесін беруде. Соның бірі ауыл тұрғындарының әл-ауқатын жақсарту мақсатында іске қосылған «Ауыл аманаты» жобасы аясында 238,83 млн. теңгені құрайтын 34 жоба қаржыландырылды. «Қызылорда» өңірлік инвестициялық орталығы микроқаржы ұйымы арқылы жалпы құны 293,5 млн. теңгеге 7 жоба жоба қаржыландырылды. Аталған ұйымның «Іскер» бағдарламасымен қалаға қарасты кент және ауылдық округтардан 266,73 млн. теңгені құрайтын 30 жоба ұсынылды.

Екінші деңгейлі банктердің кәсіпкерлік мақсатта ұсынылған несиелерін Даму қорымен субсидиялау шаралары да жалғасуда. Жыл басынан бері 3 млрд. 691 млн. теңгені құрайтын 64 жобаға қаржылай қолдау көрсетілді.

Жыл басынан бастап Қызылорда қаласында негізгі капиталға тартылған инвестиция көлемі 124 млрд. 217 млн. теңгеге жетті. Осы инвестициялардың нәтижесінде қалада биыл жалпы құны 233,6 млрд. теңгені құрайтын 13 инвестициялық жобаның жүзеге асырылуы көзделуде.

Атап айтсақ І жартыжылдықпен «Қызылорда Саз М» ЖШС-нің заманауи кірпіш шығару зауыты, «Қызылорда-Нан» ЖШС-нің нан-тоқаш кондитерлік өнім шығару кешені, машина жасау саласында «Марал-Нұр» ЖШС-нің вагон жөндеу депосы және «Панабек» ЖШС-нің жиһаз цехы іске қосылды.



Сондай-ақ, «Rem Plast Invest» ЖШС-нің қағаз мен картон өндірісі, «Ауна Glass» ЖШС-нің жоғары технологиялы айна шығару зауыты, «Техоснастка-Ремсервис» серіктестігі мен «Тұмар» жеке кәсіпкерлігінің шағын өнеркәсіптік партері, «Қаржаубаева» жеке кәсіпкерлігінің сауда үйі мен «Orhun Medical» ЖШС-нің медициналық орталығы жақын күндері өз жұмысын бастайды.

Сонымен қатар жыл соңына дейін қуаттылығы 240 мегаваттық жаңа жылу орталығы пайдалануға беріледі. Бұған қоса, биыл «With You E&C Kyzylorda» серіктестігінің Оңтүстік Корея технологиясы бойынша қатты қалдықтарды сұрыптау және қайта өңдеу және «Seven Rivers Technologies» серіктестігінің шыны сынықтарын қайта өңдеу және көдеге жарату желісі



Қызылорда қаласы мен қалаға қарасты кент және ауылдық округтерде барлығы 33 519 кәсіпкерлік субъекті жұмыс жасауда. Бұл кәсіпкерлік субъектілерде 69 857 адам тұрақты жұмыспен қамтылып, 721 млрд. 913 млн. теңгенің өнімі өндірілді.



Қаладағы 18 көпқабатты тұрғын үйдің ауласын абаттандыруға және ойын алаңдарын салуға қалалық бюджеттен 1,3 млрд.теңге қаржы бөлінбек. Оған 19 шағын футбол, 25 жаттығу, 21 балалар ойын алаңын,15 аулаішілік шаруашылық алаңын және 13 демалыс орнын салу көзделген.



Қала аумағындағы 3 демалыс орны қайта жаңғыртылуда. Мұның ішінде қалалық мәдени және демалыс паркі абаттандырылып, пайдалануға берілді. Ал, Тұңғыш Президент саябағы мен Қорқыт ата атындағы саябақтарында абаттандыру жұмыстары қарқынды жүргізілуде.



Қаланы көгалдандыру жұмыстары бағытында мемлекеттік-жекешелік әріптестік аясында жаңа механизм енгізілді. Жоба қала аумағын жүйелі түрде көгалдандыру, жасыл желек көлемін арттыру және инфрақұрылымды жақсартуды көздейді. Бүгінде 250 қызметкері, 50 бірлік заманауи техникасы бар «КазСтройКапитал» компаниясы күндізгі және түнгі ауысыммен жұмыс жасауда.

Қазір қала аумағында 46 100-ге жуық тал көшеті мен 800 000 дана біржылдық гүлдер, 13 500 дана көпжылдық гүл көшеттері отырғызылды және 10 000 шаршы метрден астам алаңға көгал төселді.



Аймақ басшысының қолдауымен биыл қаланың жол-көлік инфрақұрылымын дамыту бағытында 17 жобаға бюджеттің барлық көздерінен 7,5 млрд. теңге бөлінді.

Соның нәтижесімен алғашқылардың бірі болып мердігер «Сервис НС» ЖШС жүргізген «Тәуелсіздікке 25 жыл» даңғылы бойындағы «Қызылжарма» каналы арқылы өтетін автожол көпірі маусым айында пайдалануға берілді.

бар шыны ыдыстарды шығару зауытының құрылысы бастау алады

Қызылорда қаласында мемлекеттік бағдарламалар аясында кәсіпкерлік бастамаларды қолдау шаралары оң нәтижесін беруде. Соның бірі ауыл тұрғындарының әл-ауқатын жақсарту мақсатында іске қосылған «Ауыл аманаты» жобасы аясында 238,83 млн. теңгені құрайтын 34 жоба қаржыландырылды.

«Қызылорда» өңірлік инвестициялық орталығы микроқаржы ұйымы арқылы жалпы құны 293,5 млн. теңгеге 7 жоба жоба қаржыландырылды. Аталған ұйымның «Іскер» бағдарламасымен қалаға қарасты кент және ауылдық округтардан 266,73 млн. теңгені құрайтын 30 жоба ұсынылды.

Екінші деңгейлі банктердің кәсіпкерлік мақсатта ұсынылған несиелерін Даму қорымен субсидиялау шаралары да жалғасуда. Жыл басынан бері 3 млрд. 691 млн. теңгені құрайтын 64 жобаға қаржылай қолдау көрсетілді.

Қызылорда қалалық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары бөлімінің басшысы Мейрамбек Әжібековтің айтуынша есепті кезеңде ауыл шаруашылығы жалпы өнімінің көлемі 1 млрд. 836,2 мың теңгені құрады. 8695 гектарға ауыл шаруашылық дақылдары орналастырылды. Оның ішінде негізгі дақыл күріш 3454 гектарға, картоп 130 гектарға, көкөніс 1329 гектарға, бақша дақылы 990 гектарға егілді. Ал, мал шаруашылығы бойынша, 1100,1 тонна ет, 1093,8 тонна сүт, 149,4 мың дана жұмыртқа өндірілді. Жалпы, қала бойынша мүйізді ірі қара 31 407 бас, уақ мал 35 709 бас, жылқы 21 257 бас, түйе 3306 бас, құс 16 344 бас өсірілуде.

- Мақсатына сәйкес пайдаланбаған кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы үшін берілген жер учаскелерін заң талаптарына сәйкестендіру бағытында мониторинг жұмыстары өз жалғасын табуда. Бүгінде осындай 616 гектар жер учаскесі мемлекеттік жерді заңсыз иеленіп, артық қоршау жүргізген 73 меншік иесі, жер учаскесін нысаналы мақсатына сай пайдаланылмаған (игерілмеген) кәсіпкерлік мақсатында 76 жер учаскесі, мемлекеттік жерді заңсыз иеленіп, артық қоршау жүргізген 73 меншік иесі, жер учаскесін нысаналы мақсатына сәйкес пайдаланбай отырған 31 меншік иесінің құжаттары Қызылорда облысының жер ресурстарын басқару департаментіне жолданды. Нәтижесінде меншік иелеріне ҚР жер заңнамасының талаптарын бұзушылықтарды жою туралы нұсқама беріліп, көлемі 1,66 гектарды құрайтын мемлекет меншігіндегі жерді заңсыз иеленген 37 тұлғаға әкімшіліктік жазалау шаралары қолданылды, - дейді бөлім басшысы Мейрамбек Темірханұлы.

Жалпы Қызылорда қаласы бойынша 71 099 азамат жер кезектілігіне тіркелген. 2005 жылғы кезектіліктен қалған 2 387 азаматқа жер учаскелерін табыстау жұмыстары жүргізілуде. Ал, «Дипломмен ауылға» бағдарламасы бойынша 110 маманға 43,2 млн. теңге көтерме жәрдемақы және 25 маманға 196,6 млн.теңге бюджеттік кредит бөлініп, тиісті жұмыстар жүргізілуде.

Мақсатына сәйкес пайдаланбаған кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы үшін берілген жер учаскелерін заң талаптарына сәйкестендіру бағытында мониторинг жұмыстары өз жалғасын табуда.

Бүгінде осындай 616 гектар жер учаскесі мемлекеттік арнайы жер қорына қайтарылды. 180 жер учаскесі, атап айтқанда жер учаскесін нысаналы мақсатына сай пайдаланылмаған (игерілмеген) кәсіпкерлік мақсатында 76 жер учаскесі, мемлекеттік жерді заңсыз иеленіп, артық қоршау жүргізген 73 меншік иесі, жер учаскесін нысаналы мақсатына сәйкес пайдаланбай отырған 31 меншік иесінің құжаттары Қызылорда облысының жер ресурстарын басқару департаментіне жолданды.

Нәтижесінде меншік иелеріне ҚР жер заңнамасының талаптарын бұзушылықтарды жою туралы нұсқама беріліп, көлемі 1,66 гектарды құрайтын мемлекет меншігіндегі жерді заңсыз иеленген 37 тұлғаға әкімшіліктік жазалау шаралары қолданылды.